



«ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ  
ӨМІР ДАҒДЫЛАРЫ»  
КІТАПТАР СЕРИЯСЫ

# МЕНИҢ ДЕ АТА-АНАМ АЖЫРАСҚАН

Балалардың балаларға арнап жазған кітабы

ЕКІНШІ БАСЫЛЫМ



Джейн Блэкстоун Фордтың Мелани,  
Энни және Стивен Фордтың  
сөздерінің негізінде жазған





БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН  
«ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӨМІР ДАҒДЫЛАРЫ»  
КІТАПТАР СЕРИЯСЫ

**MY PARENTS ARE DIVORCED TOO  
A BOOK FOR KIDS BY KIDS**

second edition

by Melanie, Annie, and Steven Ford  
as told to Jann Blackstone-Ford



American Psychological Association  
Washington, DC



# МЕНІҢ ДЕ АТА-АНАМ АЖЫРАСҚАН

Балалардың балаларға арнап жазған кітабы

Екінші басылым

Джейн Блэкстоун Фордтың Мелани,  
Энни және Стивен Фордтың сөздерінің негізінде  
жазған



Астана

2018

**ӘОЖ 159.9**  
**КБЖ 88.8**  
**М 45**

Кітапты баспаға әзірлеген – «*Bilim Foundation*» қоғамдық қоры  
Жоба жетекшісі – *Кенжеханұлы Р.*  
Аудармашылар – *Ибраимова М.,*  
– *Қуанышбекова А.*  
Редакторлар – *Кенжебаев О.Б.*  
Пікір жазғандар –

**Джейн Блекстоун-Форд**

М 45 **Менің де ата-анам ажырасқан. Балалардың балаларға арнап жазған кітабы:**  
– Астана: Bilim Foundation. – 2018 жыл. – 71 бет.

ISBN 978-601-7989-16-3

Мелани, Энни және Стивен Форд – ата-анасы ажырасқан балалар. Кітапта балалар бастарынан өткен сезімдерін баяндайды. Сонымен бірге, тәжірибелеріне сүйене отырып, кеңес айтады, стратегияларын ұсынады. Әр тарау ажырасудың салдарынан туындайтын бір мәселені талдап көрсетеді. Ажырасу дегеніміз не? Ата-аналар мұны неге балалардан жасырады? Ажырасудың алдын алу қолымнан келе ме? Ажырасуға мен себепкер болдым ба? Енді кіммен тұрамын? Ата-анамның жана отбасымен қарым-қатынасым қандай болмақ? Кітапта осы тақырыптар сөз болады. Кітап карикатурист Чарльз Бейлдің суреттерімен безендірілген, оқуға жеңіл әрі көңілді. Күрделі тақырыпқа арналған, балалар үшін балалардың өздері жазған кітаптың маңызы зор.

Кітап ажырасу кезінде қиындықтарды бастан кешетін 8-13 жас аралығындағы балаларға және осы мәселе туралы кеңірек білгісі келетін оқырманға арналған.

**ӘОЖ 159.9**  
**КБЖ 88.8**

ISBN 978-601-7989-16-3

© Magination Press, 2011  
© «Bilim Foundation» ҚҚ, 2018

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	10
<b>1 АЖЫРАСУ ТУРАЛЫ</b> .....	14
<b>Бір қиындық туындаған кезде...</b>	
Ата-анам не болып жатқанын неге түсіндірмейді? .....	15
Ұрыс-керісті жек көремін. Ата-анам дауласқан кезде не істей аламын? .....	16
<b>Ата-анаң ажырасқан кезде...</b>	
Ажырасу деген нені білдіреді? .....	17
Ата-анасы ажырасқан жалғыз бала сияқтымын. Мұндай жағдай менің ғана басымда бар ма? .....	18
Ата-анам ажырасатындары туралы маған дұрыстап айтқан да жоқ. Мұндайға не дейсіңдер? .....	19
Бір жылдан кейін ата-анам қайтадан қосылар ма екен? Мұндай болуы мүмкін бе? .....	21
Ата-анамның ажырасуына жол бермеу үшін қолымнан не келеді? .....	22
<b>Мен қашан өзімді жақсы сезінемін?</b>	
Неге мен ажырасуға өзімді кінәлі сезінемін? .....	22
Ажырасу жағымсыз күйге түсіреді. Өзімді жақсы сезінуім үшін не істеуім керек? .....	23
Көмектесіңіздерші! Ата-анам мені тыңдағысы келмейді. Кіммен сөйлесуіме болады? .....	26
Сөйлесуден шаршадым! Ажырасудың зардабынан құтылудың басқа жолы бар ма? .....	28

## **2 АТА-АНАҒЫҢ АЖЫРАСҚАНЫНА МОЙЫНСҰНУ** ..... 29

### **Отбасың өзгерген кезде...**

Неге мен басқа үйге көшуім керек? ..... 30

Екі оттың ортасында қалғандаймын. Ата-анамның  
бірін таңдауға міндеттімін бе? ..... 33

Ата-анам ажырасқаннан кейін жағдай  
одан әрі ушығуы мүмкін бе? ..... 35

Мереке сайын біртүрлі сезімде боласың ба?  
Неге бәріміз бірге тойлай алмаймыз? ..... 37

### **Ата-анаң үнемі қасыңда болмаса...**

Анам неге менімен бірге көп уақытын өткізе алмайды?  
Бұл әділетсіздік қой! ..... 38

Әкемді сағындым. Не істесем екен? ..... 40

Кейде анама барғым келмейді. Не істесем болады? ..... 42

## **3 КЕЗДЕСУ, ҚАЙТАДАН ТҰРМЫС ҚҰРУ, ЖАҢА ОТБАСЫ** ..... 43

### **Ата-анаң кездесуге барып жүрсе...**

Анам біреумен кездесіп жүр. Енді жетпегені осы еді.  
Жігітін ұнатпасам, не болмақ? ..... 44

Әкем үйленгісі келеді. Енді не болмақ? ..... 47

### **Ата-анаң қайтадан шаңырақ көтерсе...**

Жаңа бауырларымды ұнатпай қаламын ба деп қорқамын.  
Бұл қалыпты жағдай ма? ..... 48

Өгей шешем немесе өгей әкемді ұнатпасам не болады? ..... 49

Мен өзімнің жаңа отбасыма онша ұқсамаймын. Өзімді жайсыз сезінбеу үшін не істеуім керек? .....	52
Отбасым немесе өзім туралы көңілге тиетін сөздер естігенде не істеуім керек? .....	54
Жаңа ата-анамды қалай атағаным жөн? .....	55
Анам сәбилі болады. Жаңа туған нәресте бәрін бүлдіре ме? .....	57
Енді менің жаңа атам мен әжем бар! Бұл қалай болады екен? .....	59
Мен өзімізді бір отбасы ретінде сезінгенімізді қалаймын. Отбасы мүшелерінің барлығы бір-бірімен тіл табысуына көмектесу үшін не істей аламын? .....	60
Отбасыма көмектесу үшін тағы не істей аламын? .....	63
Отбасындағы талқылау. Оны қалай жасаймыз? .....	64
<b>Бар болғаны осы ма? .....</b>	<b>67</b>
<b>Авторлар туралы .....</b>	<b>68</b>
<b>Иллюстратор туралы .....</b>	<b>68</b>

# КІРІСПЕ

Сәлем, достар! Біздің есіміміз – Мелани, Энни және Стивен. Біздің ата-анамыз отбасын құрды. Түсінбей қалдыңдар ма? Эннидің анасы Мелани мен Стивеннің әкесіне тұрмысқа шықты. Сол себепті барлығымыз бір отбасының мүшесіміз.

Эннидің кішкентай кезінде ата-анасы ажырасып кетті. Энни олардың жалғыз қызы еді. Ата-анасы ажырасқаннан кейін ол анасы Джейнмен тұра бастады. Әкесіне де жиі барып тұратын. Содан кейін Джейн Мелани мен Стивеннің әкесі Ларриге тұрмысқа шықты. Энни айына екі рет демалыста әкесінің үйіне барады. Басқа уақытта жаңа отбасымен, яғни Джейн, Ларри, Мелани және Стивенмен бірге тұрады.

Отбасымыздың екінші жағы туралы айтатын болсақ, Мелани төрт, ал Стивен екі жаста болғанда олардың анасы мен әкесі ажырасқан. Балалар ортақ қамқорлыққа өтіп, екеуінің үйінде теңдей уақыт өткізетін. Ларри Джейнге үйленгеннен кейін Мелани мен Стивен бір апта анасының үйіне барып, келесі аптаны әкесінің үйінде өткізетін болды.

Қолдарыңдағы кітапта біздің отбасына қатысты барлық мәселе жазылған. Басымыздан өткен жағдайдың бәрін айтуға тырыстық. Ал кітапты не үшін жазғанымызды білгілерің келсе, біз бұл кітапты әкең мен анаңның ажырасуы дегеннің қандай болатынын нақты білгендіктен жаздық. Біз ата-анамыздың бір-бірімен тіл табыса алмай, әр нәрсеге дауласуының қандай болатынын білеміз.

Әкең мен анаң енді бірге тұрғысы келмегендіктен, көшуге де мәжбүр боласың. Достарыңа олардың ажырасқанын түсіндіруге тура келеді. Біз мұның бәрін жақсы түсінеміз. Анаңның немесе әкеңнің басқа адаммен кездесе бастауы, кейіннен қайта тұрмысқа шығуы немесе үйленуі қандай болатынын басымыздан өткердік. Ажырасудың соңы шиеленіске апаруы мүмкін екенін де білеміз. Сондықтан сендерге көмегіміз тисе дейміз.





Кітап бірнеше тақырыпты қамтиды. Ата-анаң дауласқан уақытта өзіңді қалай ұстау керек, не сезінетініңді қалай айту керек, әкең немесе анаң жеткілікті дәрежеде көңіл бөлмеген уақытта не істеген дұрыс, жаңа үйге көшудің соңы немен тынуы мүмкін деген сұрақтарға жауап береміз. Әкеңнің немесе анаңның жаңа серік табуы, екінші рет үйленуі немесе тұрмыс құруы, жаңа туыстармен арадағы қарым-қатынас туралы да айтамыз. Әр бөлімнің басында нақты сұрақтар қойып, өзіміздің пайымдауымыз бойынша оларға тиянақты жауап бердік. Мұның сендерге де пайдасы тиеді деп үміттенеміз. Ол сұрақтарды кітаптың мазмұнында да көрсеттік. Егер қаламасаңдар, кітапты аяғына дейін оқудың қажеті жоқ. Толық оқымай, өздеріңді қызықтыратын тақырыпты ғана оқуға жағдай жасадық. Мәселен, ата-анаңның ажырасуына өзіңді кінәлі санап жүрсең немесе отбасыңда қиындық болып жатқанда көңіл сергітудің амалын білгің келсе, кітаптың мазмұнынан дәл осы тақырыпты тауып алып, оқи аласың. Мазмұнын бірінші қойдық, сондықтан өзіңе қажетті мәліметті тауып алып, оған қатысты біздің не ойлайтынымызды оқуға еш кедергі жоқ.

Біз жазған оқиғалар мен кеңестер сендерді қатты алаңдатып жүрген мәселені шешуге көмектеседі деп үміттенеміз. Бұл кітапта жазылған жайттың барлығы өмірден алынған. Біздің отбасы мен достарымыздың басынан өткен жағдайларды бір қоспасыз баяндадық. Олардың кейбірі саған таныс болып көрінуі мүмкін. Сондықтан көмегіміз тиеді деп ойлаймыз. Ендеше, сәттілік тілейміз!


*Мелани, Энни және Стивен*



ДАЙЫНСЫҢДАР  
МА?

ДАЙЫНБЫЗ!

ОНДА  
БАСТАЙЫҚ!



## АЖЫРАСУ ТУРАЛЫ

Кейде ерлі-зайыптылар ажырасу туралы шешім қабылдағанға дейін көп дауласады. Ұзақ уақыт бір-бірімен келісе алмай жүреді. Жағдай шиеленісе түссе, бір-бірін көзге ілмеуі мүмкін. Отбасы мүшелерінің басы бірікпей кетеді. Балаларға не болып жатқанын ешкім түсіндірмеуі мүмкін. Бірақ олар бір қиындықтың болғанын айтқызбай-ақ біліп жүреді. Ешкім айтпаса да, іштей не болып жатқанын сезесіңдер ғой, солай емес пе? Ата-аналарыңның не үшін дауласып отырғанын немесе мұндай жағдайға қалай тап болғандарыңды түсінбегенмен, іштей жайсыздықты сезесіңдер. Ал ажырасудың мың-сан себебі бар.

Біз де үнемі отбасымыздағы жағдай оңалатынына сенетінбіз. Алайда, іс жүзінде олай болмады. Алғашқы кезде ата-анамыз дауласып қалғанда өзімізді кінәлі сезініп, уайымға бататынбыз. Екеуінің ұрысына Меланидің бөлмесін жинамағаны себеп болды ма екен? Энни үй тапсырмасын орындамағаны үшін ұрсысып қалды ма?.. Біраз уақыт өткеннен кейін ата-анамыздың арасындағы жағдайдың бізге түк те қатысы жоқ екенін түсіндік.

Бұған қоса, әр адамның қиындықты әртүрлі қабылдайтынын да түсіндік. Ата-анамыз ұрсыса бастағанда Меланидің іші ауырса, Эннидің ұйқысы қашатын, ал Стивен томаға-тұйық күйге енетін. Бәріміз бір жайсыздықты сезетінбіз. Сондықтан да бізге ата-анамыз ажырасқаннан кейін соның салдарынан болатын өзгерістерге төтеп беруді үйренуге тура келді. Сондай-ақ ішкі сезімімізді ашық айтып, өзімізді жақсы сезінудің амалдарын табуды да үйрендік.

## БІР ҚИЫНДЫҚ ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕ...

Ата-анам не болып жатқанын неге түсіндірмейді?



**Мелани:** Ата-аналарың сендерді кішкентай деп ойлайды. Ересектердің арасында болатын қиындықтарды немесе ажырасудың мәнін түсінетіндей жасқа жете қойған жоқ деп біледі. Сондықтан да жағдайды түсіндіруге ұмтылмайды. Ата-анаң көз алдында ұрсысып жатпаса да, бір қиындықтың туындағанын немесе олардың бір-бірін жақтырмай жүргенін сезесің. Негізі балалар көп нәрсені түсінеді, тек мұны ата-аналары біле бермейді.

**Энни:** Мен де не болып жатқанын түсінбей жүрдім. Сонда анам үлкендердің не үшін өзара келісе алмай жүргенін балалар түсінбеуі мүмкін екенін айтты. Кейде ата-аналар балалар абдырап қалмасын немесе қорықпасын деп, болып жатқан қиындықтар туралы айтпайды. Ақша тапшылығы, жұмыстағы жайсыз жағдайлар немесе басқа да толып жатқан түйткілдер туралы балаларға айта бермейді. Мұндайды үлкендердің мәселесі деп санайды және көбіне олардың ойы дұрыс та!

Анам ештеңе уайымдамауымды өтінді. Дегенмен менің тарапымнан қандай да бір сауал туса, барлық сұрағыма шамасы келгенше жауап беруге уәде берді. Осының өзіне жеңілдеп қалдым.





## Ұрыс-керісті жек көремін. Ата-анам дауласқан кезде не істей аламын?



**Мелани:** Ұрыс-керістен жаман нәрсе жоқ шығар! Ата-анам өзара дауласып жатқанда, ешкім естімейді деп ойлайтын. Бірақ мен бәрін еститінмін. Екеуінің жуынатын бөлмеге кіріп, бір-бірімен қатты айғайласқаны есімде. Ал жуынатын бөлме менің бөлмеммен қабырғалас еді. Кереуетте отырғанмын, не айтып жатқандарын түгел естідім. Ол кезде төрт-ақ жаста болатынмын. Қатты қорыққанымды жасырмаймын. Айғайшуды естігенімді айтпадым, айтуға қорықтым.

**Энни:** Маған да ата-анамның дауласқаны ұнамайтын. Ешқашан ештеңе айтпайтынмын, бірдеңе десем әкем ашуланады деп қорқатынмын. Әкемнің дауысы зор еді, ол қатты айғайлағанда не істерімді білмей қалатынмын.

**Стивен:** Мұндайда сенің қолыңнан бір ғана нәрсе келеді: Ата-анаңмен сөйлесу. «Сіздердің ұрыс-керістеріңіз маған ұнамайды» деп айту керек. «Неменеге үнемі дауласа беретіндеріңізді түсінбеймін» деуге де болады. Бұл ұрыс-керісті біраз уақытқа болса да тоқтатуы мүмкін.

**Мелани:** Ата-анаң ашулануы мүмкін екенін ойлағанда, олармен сөйлесуге жүрегің дауаламайтын сәттер болады. Дегенмен, қазір болса, «Не болып жатыр?» деп сұрай алар едім.

**Энни:** Иә, қазір болса, мен де: «Сіздердің талас-тартыстарыңызды жек көремін. Ұрыс-керістің кесірінен өзімді жаман сезінемін!» – деп айтар едім.

**Мелани:** Дұрысы осы. Ата-анаңмен сөйлесіп, өзінді қалай сезініп жүргеніңді айтуға тырыс. Ұрыс-керісті ұнатпайтыныңды ашып айт.



## АТА-АНАҒА АЖЫРАСҚАН КЕЗДЕ...

Ажырасу деген нені білдіреді?



**Эни:** Бірде ажырасу сөзінің мағынасын сөздіктен іздегенмін. «Ажырасу – заң бойынша күйеуі мен әйелінің арасындағы неке келісі-мінің бұзылуы» деп жазылған.

**Стивен:** Иә, олар енді ерлі-зайыптылар емес. Екеуара қарым-қатынас тоқтағаннан кейін бұрын араларында ештеңе болмағандай екіге айырылады.

**Эни:** Ал мен үшін ажырасу деген анам мен әкемнің енді бірге тұрмайтынын білдіреді. Кейде олардың бірі алыс жаққа көшіп кетеді, кейде бір-біріне жақын тұра бастайды. Бірақ отбасы болып бір үйде тұрмайды.

**Мелани:** Ата-анамның ажырасатынын білдім, алайда ажырасу дегеннің мағынасын түсінбеппін. Белгілі бір уақытқа дейін не болып жатқанын түсінбей жүрдім. Анам, Стивен үшеуіміз көшіп жатқанда ғана әкемнің бізбен бірге бармайтынын біліп, айран-асыр болдым. Сол сәтте ғана алда көп өзгеріс күтіп тұрғанын ұқтым.

**Стивен:** Бұл ересектердің не болып жатқанын түсіндіруі мен балалардың түсініксіз жайттарға байланысты сұрақ қоюының маңызы зор екенін көрсетеді. Ата-анаңның жеке өмірі туралы тәптіштеп сұраудың қажеті жоқ. Дегенмен қайда тұратындарың, енді әкеңнің немесе анаңның қайда тұратыны туралы сұрай аласың. Мен ата-анамның ажырасатыны туралы ойламауға тырыстым. Неліктен бірге тұрғылары келмейтініне де аса бас қатырған жоқпын.

**Ата-анасы ажырасқан жалғыз бала сияқтымын.  
Мұндай жағдай менің ғана басымда бар ма?**



**Мелани:** Америка Құрама Штаттарында үйленгендердің жартысына жуығы ажырасып кетеді деп естідім. Менің ойымша, сол ажырасқандардың жартысына жуығы қайтадан отбасы құрады.

**Стивен:** Өте көп екен!

**Мелани:** Иә, солай. Ажырасуды бастан өткеретін отбасылар да, балалар да көп. Олардың да отбасы біздікі сияқты өзгеруі мүмкін. Ең маңыздысы – ажырасу мен соған орай болатын өзгерістерге төтеп беру. Бұл оңайға соқпайды. Ата-анам ажырасып кетеді деп ешқашан ойламаппын. Тіпті ажырасу дегеннің не екенін де білмеппін! Оны білетін бала аз шығар.

Ата-анамның ұрыс-керісі жиілеген сайын көп нәрсе өзгерді. Олар дауласа бастағанда ылғи да қолайсыздық туатын, дегенмен ақыр аяғында екеуі тіл табысып жататын. Бұл жолы да солай болады деп ойладым. Ажырасады деген ой миыма да кіріп шыққан жоқ. Олар кез келген мәселенің түйінін шеше алады деп ойлайтынмын.

Ересектер барлық мәселенің шешімін білетіндей көрінеді. Ал мен мардымды жауап таба алмадым. Анық-қанығын білмедім, бірақ екеуінің қарым-қатынасы тым қатты шиеленісіп кетті. Ажырасудан басқа жол қалмағандай көрінді де, екеуі екі бөлек кетуге шешім қабылдады.

**Энни:** Достарымның көбінің ата-анасы ажырасқан. Олардың бірі анасымен, енді бірі әкесімен тұрады. Бір досым ата-әжесінің қолында. Мелани мен Стивен сияқты бір апта анасымен, екінші апта әкесімен тұратын екі досым бар. Ал өзім көбінесе анаммен және Ларримен тұрамын. Ал әкемді демалыс күндерінде көріп тұрамын.

**Ата-анам ажырасатындары туралы  
маған дұрыстап айтқан да жоқ.  
Мұндайға не дейсіңдер?**



**Мелани:** Ата-анам ажырасайын деп жатқандарын айтқан болуы керек, алайда менің есімде қалмапты. Небәрі төрт жаста болғандықтан, көп нәрсені түсініп жарытпағаным анық. Барынша түсіндірген сияқты. Кейін әкемнен сұрағанымда, анам бәрін түсіндіргенін айтты. Сол кезде түсінген кейіп танытқан шығармын, бірақ түк те түсінбегенім анық. Тіпті есейгенде де түсіне қоймадым. Содан да көп қиналдым. Ата-анамыз бізге бәрін айттық деп ойлауы мүмкін, бірақ осы мәселеге орай сұрақ қойғанда үнемі жауап берулері керек. Қанша рет сұрасақ, сонша рет жауап беруі тиіс. Бұл жағдай туралы балалармен сөйлесуден қорықпауы керек.

**Энни:** Ата-анам менің сәби шағымда ажырасып кеткен. Толыққанды отбасы болып тұрған емеспіз. Үш жасқа толған кезімде анам қайтадан тұрмыс құрды. Алты жасқа толғанымда анам мен өгей әкем ажырасты. Осы кезде анам жағдайдың барлығын түсіндіріп берді. Түсінгендей болдым. Кейде көкейімде тағы да сұрақтар пайда болады, ондайда қысылмай қоя беремін.

Жағдайды толық түсінгеніңше, қанша рет сұрасаң, ата-анаң сонша рет жауап беруі тиіс. Ашуланбай түсіндіруі маңызды. Қазірдің өзінде анамның айтқанын түсіндім деп ойлағаныммен, тереңдей түссем жағдайды ұқпағанымды түсінемін. Мұндайда анамнан қайтадан түсіндіруін сұраймын. Мен мұның қалыпты жағдай екенін түсіндім.

**Стивен:** Ата-анам ажырасқанда мен екі жаста едім. Болған жағдайды түсіндірді деп ойламаймын, мені әлі тым кішкентай деп есептеген болар. Бірақ кішкентай бала да жағдайды түсіне алады. Маған да өз жасыма сай түсіндіріп айтулары керек еді, көңіліме қарамай, бәрін айтулары керек еді.



**Энни:** Анам өгей әкеме тұрмысқа шыққанда менің Вероника деген өгей әпкем болды. Ажырасқаннан кейін анам екеуіміз кеттік, ал өгей әкем Вероникаға ештеңе айтпапты. Вероника менен бес жас үлкен еді. Екеуіміз бір-бірімізге жақын болдық. Біз кетіп қалғаннан кейін әкесінің үйіне келіпті, анамды және мені көремін деп ойлаған. Біздің қайда кеткенімізді әкесінен сұраса, ол менің анаммен ажырасқанын, біздің кетіп қалғанымызды айтумен ғана шектеліпті. Ал Вероника 12 жаста еді. Әкесі Вероникаға жағдайды түсіндіру түгілі, не болып жатқанын ұғынуына да мүмкіндік бермеген.

Әкесінен қайыр болмаған соң, Вероника анасынан не жағдай болғанын және біздің қайда кеткенімізді сұрауға бел буыпты. Анасы барлығын біледі деп ойлаған және құпияның сырын ашады деп үміттенген. Анасы оған біздің қайда екенімізді айтқан. Бірақ Вероника әкесіне ашуланды, себебі әкесі жағдайды жақсырақ түсіндіруге міндетті сияқты болып көрінген. Әкесінен бұл туралы ашық сұрауы үшін Вероникаға бір жыл уақыт қажет болды. Әкесімен сөйлескенде оның не дегенін білесіңдер ме? Ол қызы үшін бұл маңызды емес деп ойлапты. Сенемісің, маңызды емес деген! Ал біз ересектерді ақылды деп ойлаймыз!

Арада екі жыл өткенде Вероника бізге қонаққа келді. Анам онымен ұзақ әңгімелесті және қандай жағдай болғанын түсіндірді. Ол әлі де әкесіне ашулы еді. Маған әңгімесін айтып жатқанда да, қалшылдап тұрды. Мен оған әкесіне деген ашу-ызасын айтуға кеңес бердім. Вероника әкесімен сөйлесуге қорқатынын және айтқанмен де оның бәрібір тыңдамайтынын айтты. Ол әкесінің мұның сезіміне пысқырып та қарамайтынын іштей сезеді екен. Бұл жағдай ұзақ уақыт бойы Верониканың ойынан кетпеді. Ұзақ ойлана келе, әкесіне деген көңілі суып кеткенін сезді.

Бір жылдан кейін ата-анам қайтадан қосылар ма екен? Мұндай болуы мүмкін бе?



**Стивен:** Ондай жағдайлар да болып тұрады, бірақ аса қатты үміттенбей-ақ қой!

**Энни:** Ата-анаң ажырасу керек деп шешсе, ажырасады. Үйдегі жағдай көңіл көншітерлік болмаса да, балалардың көбі ата-анасының ажырасқанын қаламайды. Әділетсіз шешім болып көрінсе де, балаларға ата-анасының қалағанын жасауға тура келеді. Мен үнемі ата-анам қайтадан қосылады деп ойлайтынмын. Анам екінші рет тұрмыс құрған күннің өзінде күндердің күні ойланып, әкеме қайта қосылады деп ойлағанмын.

**Мелани:** Ата-аналары ажырасқан балалардың көбі белгілі бір уақытта ата-аналарының қосылғанын қалағандарын айтқан. Олар бір ғажайып орын болып, бар жамандық ғайып болып, барлығы қайтадан жақсы болады деп үміттенген. Бұл жай ғана менің тарапымнан қалағанымды шындық ретінде қабылдауым екенін білгенмін. Жүрегімнің түбінде ата-анамның бір-біріне қосылып, отау құрмайтындығын білдім. Олар ажырасқаннан кейін әлдеқайда бақыттырақ болды. Мен отбасымды сағынып, барлығы бұрынғыдай болғанын қаладым. Маған анам, әкем және інім бір жерде өмір сүргеніміз ұнайтын және мұның бұлай болмағаны қатты қынжылтатын.

**Энни:** Ата-анамның қайта қосылатынына шүбәсіз сенгенмін. Тіпті анам басқа адамға тұрмысқа шыққан сәтте де олар қайта қосылады деп ойлады. Дегенмен қазір ата-анам бақытты екенін білемін және олардың екеуі де мені жақсы көреді. Мен де бақыттымын. Алайда қазірге дейін олар ажыраспағанда ғой деп тілеймін.

**Мелани мен Стивен:** Иә!

**Мелани:** Ата-анаңның ажырасып кеткеніне қанша уақыт өтсе де сен олардың қайта қосылып, бірге болғанын қалайсың. Барлығы жақсы. Негізінен, мұны қалау қалыпты жағдай.

## Ата-анамның ажырасуына жол бермеу үшін қолымнан не келеді?



**Стивен:** Бірде ойнап жүр едік, досым ата-анасының ажырасқалы жүргенін, соған орай қатты қорқатынын айтты. Ол бұл жағдайға өзін кінәлайды екен. Тәртібім жақсы болып, ата-анамды ашуландырмасам, олар ажыраспайды деп ойлайды екен. Мен оған олай еместігін және бұл жерде баланың ешқандай кінәсі жоқтығын айттым. Ол маған бәрібір сенбеді. Ата-анасының ұрыс-керісінің себебін өзінен іздеді. Өзін жаман баламын деп ойлап, қатты кінәлаумен болды.

**Мелани:** Ешқашан өзімді кінәлаған жоқпын, бар болғаны олардың ажырасқанын қаламадым.

**Энни:** Ата-анамыздың ажырасуына жол бермеген күннің өзінде де ештеңе өзгермес еді деп ойлаймын. Ажырасу ешқашан балалардың кінәсінен болмайды және ата-анамыздың ажырасуына жол бермеу біздің қолымыздан келмейді.

## МЕН ҚАШАН ӨЗІМДІ ЖАҚСЫ СЕЗІНЕМІН?

### Неге мен ажырасуға өзімді кінәлі сезінемін?



**Энни:** Анам мен өгей әкем ажырасып кеткенде, өзімді кінәладым. Неге екенін білмеймін, сондай бір сезім болды. Мен тіпті олардың ұрыс-керісіне де өзімді кінәлі сезіндім. Менің ойланбай айта салған сөздерім немесе кейбір әрекеттерім екеуінің ұрысына себеп болады деп ойладым. Өзімді екеуінің арасындағы бар қиындықтың себепкерімін деп есептедім.

Анам өгей әкеммен ажырасуына менің ешқандай қатысым жоқ екенін, бұл екеуінің шешімі екенін айтты. Менің кінәм жоқ екенін айтқан соң, өзімді жақсырақ сезіне бастадым.



**Мелани:** Балалар шын мәнінде не жағдай болғанын түсінбегендіктен өздерін кінәлайтын сияқты. Кейде ересектер не болып жатқанын түсіндірмейді немесе бізді әлі тым кішкентай, түсінбейді деп ойлайды. Кейде олар мәселені бақылаудан шығарып алады, бұл жағдайды одан бетер шиеленістіре түседі.

**Энни:** Иә, кейде бала барлығынан қол үзіп қалғандай сезімде болады. Бұл жағдай ата-анасының ажырасуына өзін кінәлі сезінуін күшейте түседі. Ата-аналарыңның екеуара әңгімесіне қатыспайтын болғандықтан, шешімді де сендер қабылдамайсыңдар. Ал шешім қабылдауға ешқандай қатысың болмаса, өзінді отбасың үшін маңызы жоқ адам сияқты сезінесің. Әрине, шын мәнінде олай емес. Алайда ата-аналарың ешқашан сендерден «ажырасқанымызды қалайсыңдар ма, жоқ па?» деп сұрамайды.

**Ажырасу жағымсыз күйге түсіреді.  
Өзімді жақсы сезінуім үшін не  
істеуім керек?**



**Мелани:** Ең алдымен, ішкі сезіміңді анықтап, ол туралы айта алуың қажет. Ата-анам ажырасқанға дейін қатты ұрсысатын еді. Олар көп дауласқан кезде ішім қатты ауыра бастайтын. Мұндайда мектепке баруға тырысатыным, алайда мұғалім ішім қатты ауырғандықтан үйге қайтарып жіберетін.

Ішім көп ауыратындықтан, анам дәрігерге алып баратын. Дәрігер маған не болғанын түсінбейтін. Ешкім, ешқашан менің ішім ата-анамның ұрыс-керісіне байланысты көңіл-күйім түсіп кеткендіктен ауыратынын білген жоқ. Қандай күйде жүргенімді өзім де түсінбейтінмін. Ал қазір сезімді іште сақтау дұрыс емес екенін білемін. Сол кезде ата-анаммен әңгімелесіп, бұл жағдайға қатысты туындаған сезімдерім туралы айтып беруім қажет еді. Барлығын іште сақтау іш ауруына алып келді.

**Энни:** Көңіл-күйім болмаса да, ешкімге ештеңе айтпайтынмын. Мен де барлығын іште сақтайтынмын. Ренжіткендері үшін өшімді солай алатынмын. Есесіне, өзім үнемі қатты ашулы болып жүретінмін. Бәрін іште сақтайтын болсаң, ақыр соңында ашуланшақ болады екенсің. Өзімді өте жайсыз сезінетінмін, сонда да іштен тынудан арыла алмадым. Кейде ашуым тарқағандай болғанымен, қайта ашулануым да тез болатын.



**Мелани:** Мен алдымен жағдайды іштей әбден саралап алатынмын да, содан кейін ғана ол туралы айтатынмын. Әкем маған «сезімдеріңді жікке бөлесің» дейтін. Өйткені, ішкі сезімдерімді сараптап, талдағанды жақсы көретінмін, сол сезімдердің тууына себеп болған жағдайларды да ойша талдайтынмын. Мысалы, ашулану шын мәнінде мәселенің бер жағы ғана, ал негізінде күйзелісте жүрген болуым мүмкін, күйзелуіме үй жұмысын аяқтамағаным немесе жанымда анамның жоқтығы себепкер болуы мүмкін. Осыны түсіне алсам, өзімді жеңіл сезіну үшін не істеу керектігін анықтай алатын едім. Бұл негізгі мәселені тауып, соны шешу дегенді білдіреді.

**Стивен:** Кейде өзімді нашар сезінгенде не айтарымды білмей қалатынмын. Соншалық ауқымды мәселені шеше алмайтындай көрінетінмін де, үнсіз құтылуға тырысатынмын. Мен көңіл аудармағаннан проблема жоқ болып кетпейтін, қайта-қайта алдымнан шығып мазамды кетіретін.

**Энни:** Иә, бәрін іште сақтағанша, не ойлайтыныңды, не сезінетініңді айта білу керек. Айту туралы шешім қабылдауың маңызды. Әрі қарайғысы өз ретімен болады. Айғайға басып, ашуға ерік берген адамға ешкім

көмектескісі келмейтінін түсіндім. Қазір мейлінше ішкі сезімімді түсіндіруге тырысамын. «Сен ылғи өстисің», «ешқашан бұйтпейсің, сүйтпейсің» деп айтпайтын болдым.

**Стивен:** Иә, Энни жиі ашуланатын еді.

**Энни:** Өйткені мен расымен де қатты ашулы болатынмын. Кез келген нәрсеге ашуланатынмын. Қазір өзімді мазалайтын мәселені жеткізе білуді үйреніп жүрмін. Бұрынғыдан әлдеқайда жақсымын. Қазір мен: «Мелани, менің сүйікті джинсымды киіп алыпсың ғой! Оны өзім киейін деген едім. Киімімді кимес бұрын менен рұқсат сұрауыңды өтінемін!» – деп айта аламын. Бұл расында да көмектеседі екен. Жұрт маған құлақ аса бастады, мен де ашуымды іште сақтамайтын болдым. Ренжіген болсам, оны ашық айтуға тырысамын. Әрине, бұл оңайға соққан жоқ, бірақ мен осы қасиетті қайткенде де үйренуім қажет еді. Меланидің бір жақсы қасиеті, ол бәрімен ашық сөйлесе алады, ішкі сезімін айтудан қиналмайды. Ал мен үшін бұл әлі де оңай емес.



**Стивен:** Дегенмен оң өзгеріс бар.

**Энни:** Иә, алайда бұл оңай емес. Меланидің көңіл-күйі жоқ кездегі сезімін қалай айтып беретінін көріп жүрмін. Ол мазалаған мәселе туралы ойланып, мән-жайды анықтағаннан кейін ғана өзін қалай сезінетінін айтады. Жұрттар күле қараса немесе бала санаса, көңіл-күйі түсіп тұрса да, бұл Меланиге ойындағысын жеткізуге бөгет болмайды. Ойындағысын айтқан кезде оның жеңілдеп қалатынын білемін.

**Көмектесіңіздерші! Ата-анам мені  
тыңдағысы келмейді.  
Кіммен сөйлесуіме болады?**



**Энни:** Басыңа түскен қиыншылық туралы досыңа немесе өзің сенім артатын мұғаліміңе, туысыңа немесе басқа да жақын адамыңа айтсаң, кейбір жайттар бұрынғыдай мазаламайтын болады. Менің бір керемет мұғалімім бар. Ол маған қатты ұнайды және онымен сөйлескенде өзімді ақымақ сезінбеймін. Маған оның көп көмегі тиеді.

**Стивен:** Иә, ата-анаң сені тыңдамайды деп ойласаң, басқа біреумен әңгімелескен дұрыс. Қандай да бір қиындық туралы сөйлескім келсе, мектебімдегі куратормен кез келген уақытта кездесе аламын. Ішіндегі жиналып қалған дүниені біреуге айтып берсең, кәдімгідей жеңілдеп қаласың.

**Энни:** Анам Ларриге жаңадан тұрмысқа шыққан кезде мектептегі кураторымның көп пайдасы тиді. Мен тіпті «Отбасының өзгеруі» деген топтың мүшесі болдым. Ол жерде әртүрлі жағдайды бастан өткеріп жатқан басқа да көптеген бала болды және біз апта сайын жиналып, мазалаған мәселе туралы сөйлесетінбіз. Басқа балалардың бастан кешіргенін тыңдағаным жақсы болды. Кейде олар жақсы идеяларымен бөлісетін. Кей уақытта олар айтқан оқиғаларды естігенімде отбасыма деген қарым-қатынасым жақсара түсті, себебі біздің жағдайымыз соншалықты жаман емес еді.

**Мелани:** Достарым осы тақырыпта менімен сөйлескісі келсе, «қандай сезімде екендеріңді білемін, себебі менің де басымнан өткен» деп айтамын. «Уақыт өте келе бәрі жақсы болады, ал сөйлескілерің келсе, мен тыңдауға дайынмын» деймін. Көкейдегіні айта білу менің жағдайымды өзгертті. Бұрын өзімді нашар сезінетінмін, қазір бәрі жақсы.

**Энни:** Ата-анасының ажырасуы туралы айтатын достарым көп. Үлкендер уайымның соңына түсіп жүргенде балаларының да көңіл-күйі болмай жүргеніне назар аудармайды. Кейде олардың елеусіз ғана жағдайыңды сұрайтыны бар, ондайда бәрі дұрыс екенін айтып құтыласың. Кейде не болып, не қойып жатқанын түсінбейсің де. Өзің ештеңе айтпаған соң, ата-анаң да бәрі жақсы деп ойлайды.

**Стивен:** Үнемі ашу үстіндегі адам жиі-жиі жайсыздыққа тап болады. Роберт деген досым үнемі ашулы жүретін, сол ашудың әсерімен әр нәрсеге ұрынатын. Бұрын ондайы жоқ еді. Әкесі көшіп кетіп, соны көтере алмай жүр.

**Мелани:** Біздің мектепте де «Достық тобы» деп аталатын арнайы топ бар. Балалар куратордың көмегімен түрлі проблемаларды бірлесе талқылайды. Мұнда ажырасудан басқа да түрлі проблема талқыланады.

Болған оқиға туралы айтып, ой бөлісеміз, ішкі сезімімізді жеткізе білудің жолдарын үйренеміз. Бұл топтың көмегі көп болды. Ең бастысы, шешілмейтін мәселе жоқ екенін түсіндім.

**Энни:** Кейде балалар қандай да бір көмекке зәру болса да, ата-аналарымен сөйлесе алмайды. Жан құрбымның айтуынша, өгей әкесі анасын ұрады екен. Біз жүзіп жүргенбіз, құрбым еш себепсіз жылай бастады. Оның жағдайын естігенде, жүрегім ауырып кетті. Ең қиыны, бұл туралы біреуге айтуға қорқады, өйткені өгей әкесі оның өзін де ұруы мүмкін деп ойлайды.

Құрбым әбден тығырыққа тірелді. Не істейтінімізді шешу үшін көп уақыт қажет болды. Менің анамнан көмек сұрау керек деп шештік. Анаммен сөйлескен едік, ол құрбымның анасымен екеуара әңгімелесті. Ата-анасы мәселені шешкенге дейін құрбым біздің үйде тұратын болды. Көп ұзамай, құрбымның анасы мен өгей әкесі ажырасу туралы шешім қабылдады.

**Мелани:** Біреу сені ұрып-соқса немесе солай болуы мүмкін деп қорықсаң, ол туралы міндетті түрде біреуге айту керек. Тыңдайтын адам қашанда табылады. Досыңа айтуға қысылсаң, мұғаліміңе, кураторға, әпкеңе немесе ағаңа айта аласың. Егер бойыңда қорқыныш сезімі болса, бұл сенің көмекке мұқтаж екеніңді көрсетеді.

## Сөйлесуден шаршадым! Ажырасудың зардабынан құтылудың басқа жолы бар ма?



**Энни:** Ешкіммен сөйлескің келмесе де, уайымдама. Мәселені шешудің басқа да жолы көп. Бір досым күнделік жазады, электрондық пошта арқылы хат алмасатын балалар бар. Құрбым Мексикадан дос тапты, қазір екеуі хат алмасып тұрады. Бұл әдістің көмегі көп болды. Сен де ішкі сезіміңді ашық білдіруге тырыс, өлең жаз, сурет сал, биле, музыкалық аспапта ойна, әйтеуір сезіміңе бақылау жасай алатын кез келген тәсілді қолданып көр.

**Стивен:** Велосипед тепсең де кәдімгідей жеңілдеп қаласың.

**Энни:** Иә, Эбби деген досым футболдың арқасында ата-анасының ажырасқанын аса ауыр қабылдамапты. Үйде болмау, үнемі доп тебу, сүйікті командасымен уақыт өткізу оған ұнайды екен.

**Мелани:** Сара деген құрбымның отбасында «кино түні» деген дәстүр болыпты. Балалар ес білгелі бір үзілмеген ерекше отбасылық дәстүр екен. Сара мен інісі Джо көретін фильмді кезектесіп таңдайтын. Пиццаға тапсырыс беретін және попкорн жасап, теледидар алдына жиналатын. Бұл оған қатты ұнайтын. Ата-анасы ажырасқаннан бастап «кино түні» де жайына қалыпты.

Сара сол кезді қатты аңсайтын. Бірде анасына осы дәстүрді қайта жалғастыру туралы өтінішін айтады. Анасы бірден келіседі. Ол кісі жай ғана қызы үшін мұның қаншалықты маңызды екенін түсінбеген. Сара үшін «кино түні» асыға күтетін әрі отбасындағы барлық өзгеріске төтеп беруге күш берген оқиға болды.

**Стивен:** Мен баскетбол ойнағанды ұнатамын. Достарым да баскетболды жақсы көреді. Кейде үйге жақын маңда скейтборд тебемін. Қатты күйзеліп, ой түбіне жете алмаған кезде, ешкіммен сөйлесуді қаламаған уақытта бұл тәсіл маған жақсы көмектеседі.

**Энни:** Кітап оқып, журнал ақтарғанды да жақсы көремін. Ажырасу туралы мәлімет іздесем, интернеттен пайдалы мәліметтер қараймын. Yahoo, Google немесе басқа да іздеу жүйесінде «балалар және ажырасу» деген сөздерді теру арқылы тек балаларға арналған мәлімет табуға болады.



## АТА-АНАҒЫНЫҢ АЖЫРАСҚАНЫНА МОЙЫНСҰНУ

Дұрыс айтасың. Ата-анаңның ажырасқанына бейімделу өте қиын. Ата-анаң ажырасқан кездегі ең қорқынышты нәрсенің бірі – өзіңе не болатынын түсінбей, алаңдауыңда. Ата-анаң бірге тұрмаған кезде сен қайда өмір сүресің? Анаңмен немесе әкеңмен бірге тұрасың ба? Егер анаңмен бірге тұруды таңдасаң не болмаса әкеңмен бірге өмір сүрем деп шешсең, бұл ата-анаңның бірінің жанына бата ма? Сен тура сол мектепке барасың ба? Достарыңды да тастап кетуге тура келе ме? Неге барлығы өзгеруі қажет?

Барлығының қалай өзгеретіні және бір-бірімен байланысатыны жайлы білгеннен кейін біз өзімізді жақсырақ сезіне бастадық. Ата-анамызға қайта-қайта сұрақ қойып, анамыз және әкемізбен кездесу, тура сол мектепке бару сияқты көптеген маңызды заттар бұрынғы күйінде қалатынын түсіндік. Мұның көп көмегі тиді.

Дегенмен біз кейбір балалардың бұрыннан тұрып келген үйінде қала алмайтынын және мектептерін ауыстыруға тура келетінін білеміз және бұл жағдайдың болуы сенің ата-анаңның айырылысып кетуіне қатысты мәселелерді шешуді қиындата түседі. Біз саған тек ата-анамызға өзіміздің қандай сезімде болғанымызды және не үшін абыржығанымыз туралы айтып берудің қаншалықты маңызды екенін білгенде ғана, бойымызға сенімділік орнап, қорқыныш сезімі азайып, өзімізді қауіпсіз сезініп, бұл үлкен өзгерістерге жақсырақ төтеп бере алдық деп айта аламыз.

## ОТБАСЫҢ ӨЗГЕРГЕН КЕЗДЕ...

Неге мен басқа үйге көшуім керек?



**Мелани:** Өз үйімді, өзімнің бөлмемді не үшін қалдырып кетуіме тура келгенін түсінбедім. Бар болғаны бір миль қашық жерге көшсек те, әкемді, бөлмемді қалдырып кетуіме тура келді. Ажырасқан мен емес, ата-анам. Ендеше, мен не үшін кетуге тиіс болдым?

**Энни:** Анам екеуіміздің көшіп барған жеріміз бен ескі үйіміздің арасы екі сағаттық жер еді. Бұрынғы тұрған жерімізден айырмашылығы көп болды. Өгей әкемді тастап, көшіп кеттік. Маған өгей әкем ұнамайтын, сондықтан аса уайымдаған жоқпын. Барлығын қайта бастай алатынымызды сездім. Ескі достарымнан айырылғаныммен, жаңа достар таптым.

**Стивен:** Тым кішкентай болғандықтан, қалай көшкеніміз есімде қалмапты.

**Энни:** Көшудің жақсы жағы да болады. Бастапқыда менің де көшкім келмеген еді. Анам алдымен көшіп көру керектігін айтты және содан кейін өзімді қалай сезінетінімді бақылауымды сұрады. Солай жасап көріп едім, көңіліме жақты. Достарыма да анамнан естігендерімді айтып жүрмін. Көшу мүлдем ұнамаса, бұл туралы анаң немесе әкеңе айтқаның жөн, себебі олар жағдайды өзгерте алуы мүмкін. Олар енді бірге тұрмаған күннің өзінде де, жаңа мекенді жақсы көруіңе көмектесуі мүмкін. Сондай-ақ жаңа жер, жаңа орта да өзінше қызық.

**Мелани:** Ата-анамның айырылысқанына көп уақыт өте қоймаған кезде анам, Стивен үшеуіміз әкемнің үйінен бір миль қашық орналасқан жерге көштік. Анам мен әкем бізге қатысты қамқорлықты бөлісіп алды. Сол себепті ескі үйімізде әкеммен, ал жаңа үйде анаммен бірге тұрдық. Анамның үйі әкемдікіне қарағанда әлдеқайда кішірек болды. Бұл жерде Стивен екеуімізге бір бөлмені бөлісуге тура келді. Бастапқы кезде күн сайын екі үйдің арасында жүруімізге тура келді. Бұл мен үшін қиын болды, себебі маған басқа үйге бару үшін заттарымды жинастыруға тура



келетін және бұл жағдай мені әбден әбігерге салды. Үшінші сыныпта оқып жүргенімде, үй тапсырмасын екінші үйде ұмытып кету көп кездесетін. Осы кезде мектептегі оқу үлгерімім де төмендеп кеткен еді.

Әкем қайтадан үйленген кезде әр үйде бір аптадан тұрамыз деп шештік. Осылай болғаны ыңғайлы, себебі әкемді де, анамды да көре аламын және қай кезде қайда болатынымды анық білемін. Әр жұма сайын мектептен кейін тұратын үйімізді алмастыратын болдық, яғни дүйсенбі күні сабақ басталғанға дейін барлығын реттестіріп алуға екі күн уақытымыз бар деген сөз. Осылайша, екі үйде де бір бөлмеміз бар.

**Стивен:** Әлі күнге дейін жинақы болуды үйрене алмай келе жатырмын. Кейде аяқ киімімді әкемнің, ал жүзуге арналған киімімді анамның үйінде



ұмытып кететінмін. Бұл мені қатты алаңдатады. Анам маған жадынама жасап берді. Бір үйден екінші үйге барар кезде сол қағазыма қарайтын болдым, оның маған шынымен көмегі тиді.

**Энни:** Өзіме ғана тиесілі болған үлкен бөлмені Меланимен бөліскен ұнамайтын. Бастапқыда қызық болып көрінді, ал кейін өзіме тиесілі орын жоқ сияқты сезімде болдым. Бізге тіпті шкафты да ортақ пайдалануға тура келді. Екеуіміздің өлшеміміз бірдей еді, көп киіміміздің ұқсас болуына байланысты киіміміз үнемі ауысып кете беретін.

Өзімнің ғана заттарым тұратын ескі бөлмем жоқ болғандықтан, анам маған жаңа бөлмедегі бір қабырғаны қалауымша безендіруге рұқсат берді. Қабырғаны қай түске боясам да, араласпайтын. Бұл маған тиесілі қабырға болатын және мен оны қалаған уақытымда өзгерте алатынмын.

Мелани де қабырғаны безендіретін. Өзімізге тиесілі бұрыштың бар екенін сезіну үшін көңіл жұбататын бірдеңе табуымыз керек болды. Кейінірек үлкенірек үйге көштік те, әрқайсысымызға жеке бөлме бұйырды.

**Мелани:** Ата-анаң ажырасып кеткеннен кейін көшіп-қону да көңіліңді көтере қоймайды. Басқа үйде тұра бастайсың, бұрынғы үйіңе барғың келеді. Мысалы, анама бір аптаға барғанда әкемнің үйіндегі өмірімді ойлап елеңдеймін.

Бір күні көшеде велосипед теуіп жүріп, әкемнің көлікке мініп жатқанын көрдім. Әкем мен жаққа қарай жүрді, қарсы алдыма келгенде алдыңғы орындықта Эннидің отырғанын көрдім. Әкем, Джейн және Энни бейсболға бара жатты! Ал маған қалуға тура келді, себебі сол аптада анаммен тұратын кезегім келген еді. Бастапқыда көңілім түсіп кеткенмен, кейде өзімнің де анаммен бірге қыдыратыным есіме түсіп, сабама түстім. Мұндайға бой үйрету үшін де біршама уақыт қажет.

**Энни:** Көшіп кеткен кезде ескі достарымнан көз жазып қалатыныма алаңдадым. Сондықтан достарыма хат жазып тұрамын. Ескі достарымнан электронды поштама хат келгенде, қатты қуанамын. Үнемі хат алмасатын достарымның тізімін де тізіп қойғанмын. Кейде хабарлама жазысамыз. Мұның бәрі үнемі байланыста болуға көмектеседі. Сондай-ақ веб-камерам арқылы достарым мен әкемді көре аламын. Әрдайым әкемнің қасында бола алмайтындықтан, бұл да тамаша мүмкіндік деп санаймын.

Ескі достарым маған жазда келіп тұрады. Олармен үнемі хат алмасып тұрамыз, ал демалыста бір-екі күнге келеді. Кейде аналарымен келеді. Барлығымыз бірге уақытты жақсы өткіземіз.

**Мелани:** Джилл деген құрбым ата-анасы ажырасқаннан кейін осында көшіп келген. Оған өзінің бұрынғы үйі көбірек ұнайтын. Соны үнемі айта беретін. Қазір құрбым осы жерде тұрғанына үйреніп кетті, не дегенмен екі жыл өтті ғой. Кейде жаңа үйіңнің қандай тамаша екеніне көз жеткізу үшін біраз уақыт қажет болады. Шын мәнінде, кейде сені басқа үйге немесе жаңа ауданға көшу емес, ата-анаңның айырылысып кеткені және бәрінің әп-сәтте астан-кестең болғаны көбірек мазалайды.

**Стивен:** Иә, бастапқыда «бәрі жақсы болады» деген сөз орынсыз болып көрінеді. Бірақ расында да бәрі жақсы болады. Ол үшін шыдам керек, ал шыдамды болу оңай емес. Жағдай реттелгенге дейін басыңнан неше түрлі оқиға өтеді. Сондықтан мәселенің түйінін тез арада шешіп тастауға тырысудың қажеті жоқ.

**Екі оттың ортасында қалғандаймын.  
Ата-анамның бірін таңдауға міндеттімін бе?**



**Мелани:** Кейбір балалар не әкесінің, не анасының жағына шығуы тиіс сияқты сезінеді. Менің ойымша, олар ата-анасы осыны күтеді деп ойлайды. «Кіммен тұрғың келеді? Анаңмен бе, әлде әкеңмен бе?» – деп сұрайтын ата-аналар да болады. Мен мұндай таңдау жасауды қаламайтын едім. Не деп жауап бермекпін? Қандай таңдау жасасаң да, екеуінің бірінің жанына бататынын сезесің. Ересектердің балаларына мұндай таңдау жасатуы қатыгездік деп ойлаймын.

**Стивен:** Ата-анамның бір-бірімен тіл табыса алмай жүрген кезі есімде. Олар ажырасып кеткен еді. Мен төрт-бес жаста болатынмын.

Анам әкемнің ашуына тиетінін біле тұра, бір нәрсені жасағысы келді. Әкеме бұл туралы айтпауымды өтінді. Кішкентай болсам да, бұлай істеудің дұрыс емес екенін білдім. Өзімді өте жаман сезіндім.

**Мелани:** Өзі олай ойламаған да шығар, бірақ әкеме айтпауымызды сұрағанда екеуінің біреуін таңдауымызды сұрағандай болып көрінді. Шын мәнінде, біз екеуін де бірдей жақсы көреміз. Егер анамызды қаттырақ жақсы көрсек, құпияны сақтап қалатын едік. Әкемізді қаттырақ ұнатқан жағдайда, оған айтып берер едік. Бұл сондай әділетсіз жағдай еді!

**Стивен:** Көңілімнің түсіп кеткені соншама, сыр сақтау қиын болды. Бір күні аузымнан шығып кетіп, өгей шешеме айтып бердім. Айтқаннан кейін жеңілдеп те қалдым. Ол анама хабарласып, екеуі ұзақ сөйлесті. Қазір нақты қандай жағдай болғаны есімде жоқ. Тек әкемнен әлденені жасырып жүргенде өзімді өте жаман сезінгенімді білемін.


**Мелани:** Содан кейін анамды көргенде әкемнен бірдеңені жасырған кезде қандай сезімде болғанымызды айттым. Анам енді ешқашан бізден мұндайды өтінбейтінін айтты. Ол бізден өтірік айтуымызды сұрағанын түсінбеген. Жай ғана бұл жағдайға қатысты көзқарасы басқаша болған. Мен әкем мен анамды бөліп-жарғым келмейді.

**Энни:** Мен де анам мен әкемнің бірін таңдау керек болғандай сезімді бастан кештім. Бұл маған ұнамады. Әкеме барғанда ол маған анам жайлы және біздің тұрып жатқан жеріміз туралы көңілге тиетін әңгіме айтты. Жаңа отбасымды да, үйімді де жақсы көретінмін. Өзімді жайсыз сезіндім, әкемді көргім келмеді. Анама өзімді жаман сезінгенімді ашық айттым, екеуіміз мәселені қалай шешу қажеттігін ойластырдық. Ақыры әкеме қандай сезімде болғанымды айтып, хат жаздым. Әкемнің хатты оқып, бұл жағдай туралы ойланатынына сенімді болдым. Мен қателеспепін, әкем бәрін түсінді. Содан кейін жайсыз әңгіме айтпайтын болды.

**Мелани:** Кейбір ата-аналар балаларынан екінші үйде не болып жатқанын сұрауға құмар келеді. Өзіңді тыңшы сезінесің, сөз тасып жүргендей боласың. «Анаң жаңа көлік алды ма?», «Әкең біреумен кездесіп жүр ме?» деген сияқты сұрақтар қою дұрыс емес. Мұндай сұрақ қойса, барынша сабыр сақтаған дұрыс. «Менен мұндайды сұраудың қажеті жоқ. Ештеңе білмеймін, өздерінен сұрағаның жөн», – деп қана жауап беру керек.

**Энни:** Мен де әкеме бара жатқанда, анамның оған сәлемдеме айтқанын жек көремін! «Әкеңе мынаны айт, ананы айт» дейді. Ал егер мен бірдеңені дұрыс жеткізбесем не болады? Бұл менің жұмысым емес қой. Айтатын әңгімесі болса, өзі айтқаны дұрыс деп ойлаймын.





## Ата-анам ажырасқаннан кейін жағдай одан әрі ушығуы мүмкін бе?



**Мелани:** Ажырасудың тағы бір жаман жағы бар. Ата-анам ажырасқаннан кейін де дауласуды тоқтатпады. Ақылға қонбайды, солай ма? Олар проблемаларын шешіп, тіл табыса алмаған соң ажырасып кеткен жоқ па? Бір-бірімен таласып-тартысқанын қоймайтын болса, неменеге ажырасты? Неліктен сонша қиындықты бастан кештік? Ата-анамның ажырасып кеткеннен кейін де тайталасуын қоймағанын көргенде осындай сезімде боламын. Олардың бірге не бөлек тұратыны маңызды емес. Сен бар болғаны олардың ұрыс-керісін қаламайсың! Ешқашан дауласпаса екен дейсің.

Кейде мұндай жағдай достарымның басында болады. Олар менен кеңес сұраса, мән бермеу керектігін айтамын. Өйткені үнемі сол нәрсені ойлай берсең, өзіңді одан сайын жаман сезінесің. Күндердің күнінде жағдай өз-өзінен реттеледі.

Ата-анамның ажырасып кеткеніне сегіз жыл болды, қазір олар ұрсыспайды. Ата-анамның бір-бірімен жақсы дос болғанына қуанамын, олардың жанында өзімді жайлы сезінемін. Бастапқыда қиын болды, ол кезді еске алғым келмейді. Бізді бір үйден екінші үйге алып кетерде ғана



емес, басқа да ұсақ-түйекке бола сөзге келіп қалатын. Бір-бірін көрсе бітті, ұрыс-керіс басталып кететін. Кейін барлығын түсінген сияқты, соған рақмет айтамын. Олар бізді ғана емес, Энниді де қинап жүргендерін байқаған болуы керек.

**Энни:** Маған ата-анасы ажыраспаған балалардың сені біртүрлі деп қабылдауы немесе саған әртүрлі әңгіме айтуы ұнамайды. Олар ештеңені де түсінбейді.



**Мелани:** Анам бізді менің сүйікті телевизиялық шоуымның түсіріліміне апарды. Бір кезде студиядағы отбасылардың арасынан еріктілерді іздеді. Олар маған шоуға қатысу үшін әкең мен анаң болуы қажет екенін айтты. Ата-анам бөлек тұратындықтан, әкем қасымызда болмады, сондықтан олар басқа отбасын таңдады.

Ата-анам жаңадан ажырасқан кезде өзімді қалай біртүрлі сезінсем, шоу бағдарламада да сондай күйді басымнан кештім. Маған бұл сезім мүлдем ұнамайтын.

Анам мен өгей әкем Джеффпен бірге Чикагоға барғанымыз есімде. Джеффтiң ата-анасына, яғни менің жаңа ата-әжеме барғанбыз. Ол жерде көл бар екен, балалар да көп тұратын әдемі мекен екен. Балалармен

ойнап жүргенде Джефф туралы бірдеңе айтуым мұң екен, бәрі мені мазақтай бастады, себебі мен оның атын атаған едім. Балаларға өгей әкем болғандықтан, оны Джефф деп атайтынымды түсіндіруге тырыстым. Оларға қарап, өзімді біртүрлі адам сияқты сезіндім, себебі ата-анам ажырасып кеткен еді. Сол кезде қатты қысылдым. Ол жерде ажырасқандар аз болғандықтан, балаларға менің әңгімем біртүрлі болып көрінген шығар. Алайда мен тұрған жердегі адамдардың көбі ажырасқан еді. Чикаголық балалар мені түсінбеді. Жаппай күлкіге айналдырды.

**Энни:** Менің де айтып отырғаным осы ғой.



Мереке сайын біртүрлі сезімде боласың ба?  
Неге бәріміз бірге тойлай алмаймыз?



**Энни:** Мен үшін ажырасудың ең жаман тұсы – ата-ананың мерекені екі бөлек өткізуі. Мен мұндайды жек көремін. Рождество күні күндіз бір үйде, ал кешкісін басқа үйде болуыма тура келетін.

Мерекеде әкем мен анамды да, Мелани мен Стивенді де көргім келеді және барлығымыздың бірге болғанымызды қалаймын! Жақсы көретін жандарым бір жерде жиналса деймін. Қайда болғың келетінін таңдау дегеніміз мүлдем бөлек нәрсе. Мен екі жақта да болғым келеді!

**Стивен:** Ажырасу жалпы жақсы нәрсе емес, ал мереке күндері тіптен жаман. Біресе әкеңді, біресе ананды сағынасың. Энни әкесіне кеткен кезде оны да сағынамын.

**Мелани:** Иә, Энни мерекені әкесімен бірге тойлауға кеткенде мен біртүрлі боламын. Әрине, оның мейрамда әкесінің жанында болғаны дұрыс. Бірақ ондай күндері Энни жоқ болса, бірдеңе жетіспей тұрғандай сезімде боламын.

**Энни:** Сондықтан Рождестводан кейін бір-бірімізбен сыйлық алмасып, атап өтетін ерекше бір күн болуы керек деп шештік. Жаңа жылды әкеммен қарсы алғаннан кейін үйге қайтып келген күнім ерекше болатын. Демалыс кезі болғандықтан, көпке дейін ұйықтамай, сыйлықтарымызды ашатынбыз. Бұл Рождестводан кейінгі асыға күтетін сәтіміз еді. Мелани мен Стивеннің анасы балалар сол жақта болуы тиіс болса да, Мелани мен Стивеннің келуіне рұқсат беретін. Олар жақын тұрады. Ал менің әкем алысырақ тұрады.

## АТА-АНАҢ ҮНЕМІ ҚАСЫҢДА БОЛМАСА...

Анам неге менімен бірге көп уақытын  
өткізе алмайды? Бұл әділетсіздік қой!



**Мелани:** Ата-анам ажырасқаннан кейін анама қарағанда әкемді көбірек көретінмін. Себебі, бұрын көп жұмыс істемеген анам енді жұмысқа орналасқан. Анама бара қалсам, үйінде үнемі достары болатын немесе ол ұдайы телефонмен сөйлесіп отыратын. Анамның менімен бірге уақыт өткізуі сирек еді.

Одан кейін анамның жігіті пайда болды, ол үнемі сол үйде болатын. Мен өзімді өте жайсыз сезінетінмін. Анаммен бірге болғым келетін, алайда айналамыздағылар біздің оңаша қалуымызға мүрсат бермейтін. Анамды құшақтағым келген кезде інім ортаға килігетін.

Сол себепті мен бұл туралы Джейнге айттым. Ол анама не сезініп жүргенімді айтуға кеңес берді. Баласының мұңға батқанын ешбір ана қаламайтынын айтты. Сөйтіп, анаммен бір оңаша қалған сәтте оны сирек көретінім және қасымызда адамдар болғанда өзімді жайсыз сезінетінім туралы айттым. Оңаша қалатын кезіміз сирек екенін де айттым.

Анам менің қандай сезімде болғанымды түсінбегенін және бұдан былай менімен көбірек уақыт өткізуге бар күшін салатынын айтты. Әкемнің үйіндегі бөлмеме іліп қою үшін бірнеше жаңа фото берді. Ол суреттер барлығымыз бірге болған керемет кезді еске салады. Осылайша, барлығы әрдайым қасымда жүргендей сезінемін. Сондай-ақ анам маған кішкентай қатырма қағазға жазылған тілегін берді. Анамды сағынған кезде соны ашып оқитынмын. Сол қағазды әлі күнге дейін тумбочкамның төрінде сақтап жүрмін.

**Эни:** Кішкентай кезімде анам іссапарға кетті де, мен үйде өгей әкеммен қалдым. Анамды сағынғанда жылайтынмын. Телефонмен сөйлесем, одан сайын жаман болатынмын, себебі мен оның қасымда болғанын қаладым. Өгей әкемнің жұмысы көп еді, үйде де тыным таппайтын, сондықтан көбінесе бөлмеде жалғыз отыратынмын. Анам мұның үлкен проблема екенін түсініп, менімен көбірек уақыт өткізу үшін жұмысын ауыстырды. Қазір ол үйде отырып жұмыс істейді, маған көбірек уақыт бөледі. Бұған қоса мені жақсы көретін Мелани мен Стивен және олардың әкесі бар. Бұл, әрине, әлдеқайда жақсы!

**Мелани:** Кейтлин деген құрбымның анасымен арасындағы проблема тура біздікіне ұқсас. Мен де ата-анам жаңадан ажырасқанда өзімді солай сезінгенмін. Анасы үнемі жігітінің қасында болғандықтан, Кейтлин өзін өте нашар сезінеді. Анасы қызымен оңаша қалатын уақыт таппайды. Кейтлин де анасымен ашық сөйлескен. Сөйтсе, жігітін қатты жақсы көретінін және онымен бірге болғысы келетінін айтыпты. Кейтлин үшін жүрегім ауырады, себебі ол анасының өзіне уақыт бөлгенін қалады, ал анасы олай істемеді. Мұның бәрі аз болғандай, енді Кейтлиннің әкесі де басқа қызбен кездесіп жүр. Құрбым қатты жалғызсырап жүр, өзін бәрі тастап кеткендей сезінеді.

**Эни:** Кейтлин ата-анасына өзін қаншалықты нашар сезінетінін түсіндірудің амалын табуы қажет. Анасымен сөйлесуге тырысып көрді ғой, енді әкесіне де айтып көруі қажет шығар. Бәлкім, көмегі тиіп қалар. Мен оның қандай сезімде екенін түсінемін. Өзім көбіне анаммен сөйлескенге үйреніп кеткенмін. Ал әкелеріңмен бірге тұрсаңдар немесе аналарың жағдайды түсінбесе, әкелеріңмен сөйлесу керек. Анаңа қарайламай, әкеңмен өзіңді қалай сезінетінің жөнінде ашық әңгімелесуге тырысу керек.

**Стивен:** Әкелеріңмен де, аналарыңмен де сөйлесе алу аса маңызды. Қажет болған жағдайда олар қасыңнан табылуға тиіс.

## Әкемді сағындым. Не істесем екен?



**Мелани:** Әкемнің қасында болғанда анамды, анамның үйінде тұрғанда әкемді сағынамын. Бастапқы кезде қатты қиын болды. Анам, әкем және Джейн үшеуі бір-бірімен тіл табыса алмай жатқанда, Стивен екеуіміздің әрдайым көшіп-қонуымыз қолайсыздық тудыратын. Қазір ата-аналарымыз бір-бірімен тіл табысты, сондықтан олардың біреуін көргіміз келсе, жай ғана сұранып бара аламыз. Екі үйге де суреттер іліп қойдық. Анамның үйіндегі бөлмеде әкем, Джейн, Стивен және Эннимен бірге Диснейлендте түскен суреттерім тұр. Ал әкемнің үйіндегі бөлмеге анам, Стивен үшеуіміздің Сан-Диегода түскен суреттеріміз қойылған.





**Стивен:** Сэм деген досымның ата-анасы ажырасқан. Ол әкесімен тұруы тиіс еді, оның үйі бұл жерден екі сағаттық жерде. Ал інісі анасымен бірге тұратын. Сэм өте қатты қиналды. Ол анасын да, інісін де қатты сағынатын. Қазір әкесі біздің қаламызға қайтадан көшіп келіп, Сэм анасымен және інісімен тұрып жатыр. Әкелерін қалаған кезде көре алады. Басында қатты қиналған, қазір бұл жағдай оған ұнайтын секілді.

**Энни:** Әкемнің үйінде болған кезде анамды сағынсам, мен оған жай ғана қоңырау шалатынмын. Ол үйде жүргенде анаммен сөйлесем, әкем қатты ашуланатын. Анама қоңырау шалуымды әкем өзінің өміріне араласу деп қабылдайтын. Бәлкім, анамды қатты сағынып жүргенім оның ызасын келтірген болар. Әкем мені өзінен гөрі анамның жанында көбірек болғысы келеді деп ойлайтын. Негізі әкемнің қасында болғым келген, тек анаммен бірге тұрғанға үйреніп кеткен едім. Анамды бірекі күн көрмесем немесе сөйлеспесем қиналатынмын. Әкеме ешқандай қарсылығым жоқ екенін, тек анамды сағынатынымды айттым. Мұны білгеннен кейін оның көңілі жайланғандай болды. Мәселені осылай шештік.

**Стивен:** Әкемнің үйінде жүргенде анамды сағынғанымды Джейнге айтатынмын. Екеуіміз анама қоңырау шалатынбыз. Анам үйде болмаса, біз оған арнап сурет салатынбыз, салған суретімізді бояйтынбыз немесе хат жазатынбыз. Хат танымасам да, жазып отырғандай кейіп танытатынмын немесе Джейн жазып беретін. Содан кейін хатты жіберу үшін пошта жәшігіне салатынбыз. Мұның бәрі кішкентай кезімдегі жағдай. Ал қазір ата-анаң қасыңда болмаса, оларға электрондық пошта арқылы да хат жібере аласың. Электрондық поштаның болғаны қандай жақсы!

Кейде анама барғым келмейді.  
Не істесем болады?



**Энни:** Бұл жағдай шиеленісуі мүмкін. Бастапқы кезде әкемнің үйінде ермек қылатын ештеңе болмағаны есімде. Мен оның жалғыз баласымын. Әкем қайта үйленді және оның әйелі жақсы адам. Алайда олардың балалары жоқ, яғни ойыншықтар мен ойындар да жоқ деген сөз. Ол үйде не істеймін? Онда қатты зерігемін ғой! Сондықтан мен онда барардың алдында әйтеуір бір жоспар құратынмын, құрбымды ертіп баруға немесе қандай да бір затты ала баруға рұқсат сұрайтынмын. Әкемнің үйінде менің ешқандай затым жоқ еді. Тек қонақ бөлмеде тұрған кереует қана менікі болатын.

Осылай ұзақ уақыт зеріккеннен кейін әкемнің үйіне өзіме ұнайтын біраз затты алып келемін деп шештім. Маған сурет салған ұнайды, сол себепті сурет салуға қажет заттарымды алып келдім. Сондай-ақ өзімнің «GameBoy» ойыным мен кейбір DVD дискілерімді, туған күніме сыйға алған камерамды алып келдім және біз бірнеше мәрте суретке де түстік.

Шамалы уақыт өткеннен кейін әкем менімен бірге сурет салып, кино көрді, фото да түсірді. Бұл сондай тамаша болды. Мен енді зерікпейтін болдым және бұл үй енді мен үшін әлдеқайда жайлырақ болып көрінді.



## КЕЗДЕСУ, ҚАЙТАДАН ТҰРМЫС ҚҰРУ, ЖАҢА ОТБАСЫ

Ата-анаң кездесулерге бара бастағанда шамалы қорқуың мүмкін. Біріншіден, сен әлі күнге дейін олардың ажырасып кеткеніне үйрене алмай жүрсің. Ата-анаң қайтадан шаңырақ құрса не болады? Өгей әке-шешенді ұнатпаған жағдайда не істейсің? Жаңа туыстарың жылы қабақ танытпаса немесе шын мәнінде сенен өзгеше болған жағдайда, не істеу керек? Сондай-ақ жаңа ата-анаңа қоса, аға-іні, әпке-қарындас және туыстар да көп үлкен отбасына топ ете түссең қайтесің?

Бақылауға шамаң келмейтін үлкен өзгерістерден көңілің қалып, бойыңды қорқыныш сезімі билеуі мүмкін. Біз мұның бәрін басымыздан өткердік. Бірте-бірте жаңа отбасын құру үшін көп уақыт қажет екенін білдік. Басқа баламен бөлмені бөлісу сияқты бұрын-соңды бетпе-бет келмеген мәселелерді немесе ата-анамыз бізді түсініп, тыңдауы үшін олармен қалай сөйлесуіміз қажет екенін шешу үшін тамаша идеяларды ойлап таптық.

Отбасы болудың тәсілі өте көп-ақ және олардың бәрі дұрыс. Сөйлесуді және бірлесе әрекет етуді жалғастырсаңдар, ең дұрыс жол өз-өзінен табылады.



## АТА-АНАҢ КЕЗДЕСУГЕ БАРЫП ЖҮРСЕ...

Анам біреумен кездесіп жүр. Енді жетпегені осы еді. Жігітін ұнатпасам, не болмақ?



**Эни:** Ата-анаң жаңадан ажырасқан кезде олардың кездесіп жүрген адамын ұнату қиынға түседі. Мәселе ол адамның саған қалай қарағанында да емес, оның тіпті маңызы да жоқ. Ол адамның жылы шырай танытуы жыныңа тиюі мүмкін. Неге дейсің бе? «Өзімнің әкем мен анам тұрғанда, неменеге бұл адамның қасында болуым керек?» деп ойлайсың. Мен ата-анамның жаңа серіктерімен жақсы қарым-қатынас жасауға тырыстым, бірақ шын мәнінде, оны қаламайтынмын.

**Мелани:** Ата-анаңның басқа біреумен кездесіп жүргені ұнамауы мүмкін, оның себебі көп-ақ. Бірақ кейде ол себептердің ешбірі негізсіз болып шығады. Кейде ата-анаңның ажырасқанына үйрене алмай жүргеніңе байланысты, саған ешкім ұнамауы мүмкін. Ажырасқандары жаңа болғандықтан, анаң мен әкеңнің жаңа біреумен кездесіп жүргені туралы ойлаудың өзі жыныңа тиеді. Бәлкім, ата-анаң жаңа серігі саған қарағанда қаттырақ ұнап қалады деп қорқатын шығарсың? Немесе олардың бұйырып сөйлегенін немесе балаларды жақтырмайтынын ұнатпайсың дегендей.

**Стивен:** Балалар қалыптасқан жағдайға үйреніп қалады. Ал жаңа адам келгеннен кейін бәрі өзгереді. Оның не ойлайтынын білмейсің. Балалар мұндайды ұнатпайды. Оларға кеше келген адамның нұсқау беруі ұнамайды. Ұрыс естігенді кім жақсы көрсін?! Ал ұрсып жатқан өзіңнің әкең немесе анаң болмаса, бұл тіптен жаман.

**Энни:** Бастапқыда Ларриді ұнатқан жоқпын. Анам екеуіміз жап-жақсы тұрып жатқанбыз. Басқа адам қажет-ау деп те ойламайтынмын. Бірақ Мелани мен Стивен жақын жерде болатын, ең жақсысы сол еді. Ларридің маған деген пейілі дұрыс болатын, тек оның үнемі жанымызда болғаны ұнамайтын. Өйткені тек анаммен ғана болғым келетін. Біртіндеп Ларри екеуіміз ғана қалатын кездер пайда болды, Стив пен Мелани жоқ, екеуіміз-ақ қалатынбыз. Содан кейін мен оны жатсынбайтын болдым.

**Мелани:** Ең бастысы, ата-анаңның жаңа серігі әкең немесе анаң сияқты болмауы керек, сондай-ақ саған не істеу керектігін айтып, нұсқау бермегені жөн. Балалар адамды жақсырақ танығаннан кейін ғана тындайды. Ал жаңа адам келе салысымен бұйырып сөйлей бастаса, бұл сені қатты ызаландыратыны сөзсіз! Әркімнің өз ата-анасы бар. Ажырасып кетсе де, олар әлі де осы балалардың ата-анасы болып қала береді.

Джейн мен әкем кездесе бастағанда, ол ешқашан біздің анамыздың рөлін атқаруға тырыспайтын. Энниға қалай қараса, бізге де солай қарайтын, ең бастысы анамыздың орнын басуға тырысқан жоқ. Өзі сондай тартымды болғандықтан, оның қасында уақыттың қалай өткенін білмей қалатынбыз. Джейн Стивен екеуіміздің анамызды жақсы көретінімізді білетін және ешқашан оны кемсітпейтін. Джейн бізді ұнататынын білетінмін. Стивен екеуіміз оны әкеммен бірге болғаны үшін ғана ұнатпадық деп айта аламын. Тек біраз уақыт өткен соң ғана ойлана келе, оның жақсы адам екенін түсініп, жақсы көріп кеттік.

**Стивен:** Анамның кездесіп жүрген адамы ұнамаса, мен оған бұл туралы айтар едім. Ол үшін менің пікірім маңызды деп ойлаймын.

**Мелани:** Стивен, оны айтқаныңмен ештеңе өзгермейтін болса ше? Менің құрбым Кейтлин анасының жігітін жек көреді, себебі анасы бар уақытын соған арнайды. Бастапқы кезде Кейтлинге ол жігіт ұнайтын, алайда анасы қызын ұмытып, бар уақытын жаңа серігіне арнағаны құрбыма ұнамайтын. Ол бұл жөнінде анасына ашық айтты да. Алайда ештеңе өзгерген жоқ. Анасы бұл жөнінде ойланғысы да келмейтіндей кейіп танытты. Мұндай жағдайда не істейтін едің?

**Стивен:** Әкеме айтатын шығармын.

**Мелани:** Не деп айтар едің?

**Стивен:** Анам маған көп уақыт бөлмейтіні көңіліме қонбай жүргенін айтатын шығармын.

**Мелани:** Ашуланған кейіп танытар ма едің?

**Стивен:** Жоқ, барынша салмақты болар едім.

**Мелани:** Шынымен бе?

**Стивен:** Иә, себебі менің көңіл-күйім түсіп жүрсе, әкем де қынжылады ғой. Мен олай болғанын қаламаймын. Дегенмен алдымен анаммен сөйлескенім дұрыс. Ашық сөйлессек, анам менің ішкі сезімім туралы білер еді және мәселенің түйінін бірлесе шешер едік.

**Энни:** Кейде ата-анаңның жаңа серігінің саған ұнамауының нақты бір себебі болады. Менің жан құрбым Келлидің өгей әкесі оны ұл болмағаны үшін ұнатпайды екен. Мұнысын жасырмай, ашық айтқан ғой! Жай ғана айта салмай, көңіліне тиетіндей етіп жеткізген. Бірде Келли өгей әкесімен бірге балыққа барғысы келіпті. Ол болса, қыз болғандықтан ғана Келлиді ертпеген. Өгей әкесі дым болмағандай көп балық алып келген, ал бұл кезде Келлидің мүлдем көңіл-күйі болмаған.

## Әкем үйленгісі келеді. Енді не болмақ? ?

**Мелани:** Әкем мен Джейн үйленген кезде мен сегізде, Энни жетіде, Стивен төртте еді. Бәріміз отырып үйлену дегеннің нені білдіретінін және әкем Джейнге үйленгеннен кейін қандай өзгерістер болатынын әңгіме қылдық.

Әкем мен Джейн өздерін керемет ұстады. Олар, шын мәнінде, біздің пікіріміз маңызды деп білді. Барлығымыз ақылдаса келе, жаңа жылдың қарсаңы дұрыс деп шештік. Жаңа жылда жаңа өмір бастаймыз деген оймен осы күнді таңдадық. Үйлену тойында барлығымызға сақина бұйырды. Сондықтан бұл күнді әкем мен Джейн үйленген күн деп қана емес, отбасымыздың құрылған күні ретінде тойлаймыз.

**Стивен:** Ата-анаң қайтадан үйленгісі келсе немесе сондай жоспары болса, анаңнан немесе әкеңнен не болып жатқанын сұрауға толық хақылы екеніңді ұмытпа. Ата-анаңнан олардың жеке өмірі туралы сұрауға қысылуың мүмкін, оның саған қатысы жоқ сияқты болып көрінуі мүмкін. Алайда мұның саған да қатысы бар екенін білгейсің.

**Энни:** Ата-анаңа өзіңді мазалап жүрген мәселелерді айтатын болсаң, одан кейін болатын үлкен мәселелерді талқылауға сені де қатыстыруы мүмкін. Олай болмаған күннің өзінде де, қандай жағдай болып жатқанынан хабардар етуі мүмкін.



# АТА-АНАҢ ҚАЙТАДАН ШАҢЫРАҚ КӨТЕРСЕ...

Жаңа бауырларымды ұнатпай  
қаламын ба деп қорқамын. Бұл  
қалыпты жағдай ма?



**Энни:** Кейбір балаларға өгей әкелері мен шешелері ұнамайды және бұл өзара үлкен қиындыққа айналуы мүмкін. Олар үнемі өздерін жайсыз сезінеді. Кейде жаңа отбасындағы аға-інілері немесе әпке-қарындастары (сіңлілері) өздерінен біраз үлкен немесе кішкентай болып, содан да араларында ортақ ештеңе болмауы мүмкін. Дегенмен тіл табысу үшін тура сол затты ұнатуға тиіс емессің. Қалай тіл табыса алатындарыңды анықтағанша, жақын дос болмасаңдар да болады.

**Стивен:** Бастапқыда бір-бірімізге ашуланатынбыз. Бір-бірімізді ұнатпағаннан емес. Кейде Мелани мен Энни менің мазамды алатын.

**Мелани:** Қазір де сөзге келіп қалуымыз мүмкін, дегенмен мұндай жағдай көп болмайды. Мен білетін кей отбасыларда келіспеушілік жиі болады. Бізде де бірден осылай болып кеткен жоқ. Жағдайды реттеуге бәріміздің де үлес қосуымызға тура келді.

**Энни:** Өткенге көз салсақ, бүлініп кеткен ештеңе жоқ сияқты. Дегенмен арамызда әжептәуір қиындық болғаны анық. Менің ешқашан бірге туған бауырларым болмаған еді. Біз анам екеуіміз ғана тұрғандықтан, уақытымыздың көбін бірге өткізетінбіз. Қазір анам уақытының көп бөлігін менімен ғана емес, Мелани және Стивенмен де өткізеді. Алайда мен оның тек менің қасымда болғанын қалайтынмын. Мелани мен Стивен анамның тізесіне отырғанда мен тура олардың үстіне отыра салатынмын. Мелани бұған қатты ашуланатын. Себебі, анам барлығымызды бірдей көтере алмағандықтан, біреуімізге тұруға тура келетін. Арамызда ең үлкені Мелани болғандықтан, үнемі сол тұратын еді. Стивен екеуіміз анамның тізесінде құшақтасып отыратынбыз.

**Стивен:** Өгей ағам немесе әпкемді ұнатпаймын деп ойласам, оған не түрткі болғанын түсінуге тырысамын.

**Мелани:** Менің бір құрбым өгей ағасынан қорқатын. Ол құрбымнан бес жас үлкен. Ата-анасы екеуін жалғыз қалдырып кеткенде өгей ағасы құрбымның денесіне қол жүгіртіп, тиіседі екен. Құрбым бұл туралы маған жақында ғана айтты. Анасына айтуға тырысқанымен, ол қызының сөзіне сенбепті.

Мен анама осындай жағдай туралы айтқанымды және оның маған сенбегенін елестете де алмаймын. Бұл туралы жай ғана айтып берудің өзіне қатты қысылар едім. Құрбым ақырында анасымен бірге консультацияға барды ғой деймін, алайда бұл көп уақытқа созылды.

Осындай жағдай болғанда ата-анаң саған сенбесе, сенетін басқа адамды табуың қажет. Саған көмектесетін бір адам табылғанша, тынбай айта беруің керек.

Өгей шешем немесе өгей әкемді  
ұнатпасам не болады?



**Энни:** Маған алғашқы өгей әкем ұнамайтын. Ол үнемі маған ашуланатын. Не үшін? Мен оған не істедім? Бар болғаны алты жаста болатынмын. Өгей әкем ұнатпағандықтан, көп уақытымды жалғыз өткіздім. Айғай сала ма деп онымен сөйлесуге де қорқатынмын. Ол мені мүлдем көзіне ілмейтін. Мені тығырыққа тірегеннен ләззат алатын. Анам түскі асты тауысып ішуім үшін маған азғантай бөлігін қалдыратын. Бірде өгей әкем маған арналған кішкентай тауық етін өзіне алып алды. Үлкен тауықты тауыса алмайтынымды біліп тұрып, әдейі істеді. Ақыр аяғында түскі асты тауысып ішпегенімді сылтау қылып, бөлмеме қуып жіберді.

Осындай қылықтары үшін өгей әкемді ұнатпайтынмын. Анам үнемі екі оттың ортасында қалатын, өгей әкеммен сөйлесуге тырысатын. Ол ашуланатын және бұл ұрыстың басталуына себеп болатын. Олардың ұрыс-керісіне себепкер болғым келмегендіктен ғана анама да ештеңе айтпайтын болдым.

**Мелани:** Құрбым Джессика өгей әкесінің өз балаларын артық жақсы көретіні туралы айтқан еді. Өз әкесін ешқашан көрмегендіктен, ол өзін жалғыз сезінетін. Ал қазір өгей әкесін жек көреді. Мен оған өгей әкесін не себептен ұнатпайтынын анасына айтуға кеңес бергенмін. Өйткені, анасы бір жайсыздық бар екенін біледі, бірақ не екенін түсіне алмай



жүр. Бірақ Джессика анасына сыр ашуға қорқады, өйткені өгей әкесінің мінезі жаман.

**Стивен:** Егер ол сырын айтпайтын болса, жағдай ешқашан өзгермейді ғой. Сондықтан ол анасымен сөйлесуі қажет.

**Энни:** Мен де үнемі Ларримен тіл табыса бермеймін. Анамның күйеуі болғандықтан ба, екеуіміздің болмысымыз екі түрлі болғандықтан ба, әлде басқа себебі бар ма, білмеймін. Адамдардың бір-бірімен тіл табыса алмауы заңдылық деп ойлаймын. Өйткені, жаңа адаммен бірге өмір сүріп кету оңай емес.

«Анашым, бір мәселем болып тұр, сол туралы сенімен сөйлесуім қажет. Бұл өте маңызды мәселе, сондықтан ашуланбауға тырыс», – деп айтар едім. Ашуланбау туралы айтқан кезімде анам жағдайдың расында да назар аударарлық екенін түсінеді және маған ашуланбайды. Егер ештеңе айтпайтын болсаң, жағдай ешқашан өзгермейді.

Анам менің де, Ларридің де не ойлайтынымызды біледі. Тек Ларри екеуіміз бір-біріміз туралы не ойлайтынымызды білмейміз. Негізінде, бір-бірімізге сырттай ашуланбас үшін екеуіміз де бәрін білуіміз керек едік. Ол үшін екеуара сөйлесуіміз қажет. Кейде бар проблеманы анаңның мойнына арта салғаннан ештеңе өзгермейді. Бұл өз-өзіңмен сөйлескен сияқты тірлік дер едім.



**Стивен:** Кейде балалар ешкімді ұнатпайды. Көбінде бұл өгей ата-ананың кінәсі емес. Балалар жай ғана ата-аналарының қайта қосылғанын қалайды. Сонымен қатар көп бала өгей әкелерінің қамқорлығы жеткіліксіз деп ойлайды, өздерінің не ойлайтыны өгей әкелерін қызықтырмайды деп ойлайды.

**Энни:** Егер өгей шешенді немесе өгей әкенді жек көрсең, оның белгілі бір себебі болуы мүмкін. Сондықтан ата-анаңның көмегіне жүгінгенің дұрыс. Бұл оңайға соқпайды, себебі, ата-ана әрдайым өзінің ойын дұрыс деп санайды. Балалардың көбі ұрыс-керісті жек көреді. Сондықтан олар қандай да бір мәселе ұрыстың шығуына себеп болады деп ойласа, ол туралы ештеңе айтпайды.

Болған жағдай туралы біреумен сөйлеспесең, оның өрши түсетініне көзім жетті. Әкең немесе анаң айтқаныңды тыңдамаса немесе түсінбесе, бұл туралы көмектесе алатын басқа бір адамға айт.

Жан құрбым Анжела мен өгей шешесінің арасында үлкен қиындық болды. Құрбым ақырында шыдай алмай, көшіп те кетті. Әкесі болса, анасының қасында тұрғысы келген ғой деп ойлайды. Алайда, олай емес еді.

Әкесі білмейтін көп мәселе бар еді. Анжела өгей шешесімен тіл табыса алмайтын. Әкесі жоқ кезде өгей шешесі өзін дөрекі ұстайтын. Анжелаға айғайлап, ауыр сөздер айтатын. Әкесіне бұл туралы айтып бергенде, өгей шешесі Анжеланы өтірікші етіп шығарыпты. Әкесі болса әйеліне сеніп, Анжелаға ашуланды. Ал, шындығында, әкесі жұмыста жүргенінде үйде не болып жатқанынан бейхабар еді.

Анжеланың анасы басқа штатта тұрады. Әкесімен анасы сөйлескені дұрыс болар деген оймен құрбыма болған жағдай туралы анасына айтып беруге кеңес бердім. Өйткені, өзім әрдайым осылай істеймін. Анжела ата-анасының тіл табыса алмағанын айтты. Екеуі сөйлескен кезде ұрсысып қала берген. Ол жалғызсырап жүрді. Ақыр соңында бұл жерден алыста болу үшін анасының қасына кетуді ұйғарды. Мен оны қатты сағындым. Осы жазда Анжела бір айға осында келді. Өкініштісі, ол достарының үйінде тұрды. Әкесі қызының осында екенін білген де жоқ!

**Мелани:** Энни, бұл дұрыс емес. Анасы әкесіне қоңырау шалуы тиіс еді ғой!

**Энни:** Білемін! Оның ата-анасы бір-бірімен сөйлеспейтін тәрізді. Әкесіне қоңырау шалғысы келмеген себебі, әкесі үйіне алып барар еді, ал Анжела өгей шешесін көргісі келмейді. Кейде жағдай осылай қатты шиеленісіп кетеді.

Мен өзімнің жаңа отбасыма онша ұқсамаймын. Өзімді жайсыз сезінбеу үшін не істеуім керек?



**Энни:** Әр отбасының адамдары әртүрлі болады және қандай да бір мәселеге қатысты көзқарастары да өзгеше келеді. Ларри екеуіміздің арамызда да осындай бір қиындық бар және бұл өте қиын. Ол Мелани мен Стивенді туылғанынан бері біледі. Олардың өмірге деген көзқарасы менікінен өзгеше. Кейде Ларри маған сондай болмағаным үшін ашуланады.

Кейде Ларри мені мазақтайды. Ал мен мұндайды жек көремін. Келемеждеу менің жыныма тиеді. Сондай-ақ қытықтағанды да ұнатпаймын. Ал Мелани мен Стивенге бұл ұнайды. Ларри келемеждей бастаса, менің ашуым келеді, оған Ларри ашуланады, содан аяғы ұрысқа ұласады. Сонымен қатар мен өзіммен-өзім болғанды және кітап оқығанды жақсы көремін. Мелани және Стивен ондайды онша ұнатпайды. Мен жоғарыда кітап оқып отырғанда, Ларри менің төменге түсіп, отбасымен бірге теледидар көргенімді қалайды. Оның маған ашуланғанын қаламаймын, бірақ оңашада кітабымды оқығанды да дұрыс көремін. Адамдар әртүрлі, олардың шыққан жері де, болмыс-бітімі де өзгеше. Сондықтан бар болмысымен қабылдай білу керек.

**Мелани:** Энни екеуіміз кішкентай кезімізде егіздер сияқты киінгенді жақсы көретінбіз. Бір-бірімізге ұқсас болып көрінгенді ұнататынбыз. Сонда туған әпке-сіңлідей боламыз деп ойлайтынбыз.

Есейе келе бір-бірімізге мүлдем ұқсамайтынымызды түсіндік. Соған қарамастан бізде бәрі жақсы. Мен мектепте белсендімін. Достарым баскетболға барғанды және спортпен шұғылданғанды жақсы көреді. Эннидің достары мүлдем өзгеше. Олар шаштарын әртүрлі түске бояйды және мүлдем өзгеше әуендерді тыңдайды. Менің достарым мектепте Энниді мазақтайды. Сол үшін қысыламын. Әрдайым Энниге болысуым керектігін сеземін.

**Энни:** Бізге әртүрлі заттың ұнағаны шын мәнінде әртүрлі екенімізді білдірмейді. Саған ұнаған нәрсе басқаларға ұнамауы мүмкін және ондай адаммен де жақсы тіл табысуың мүмкін.

**Мелани:** Білемін, алайда біздің стиліміз мүлдем екі бөлек. Сенің достарың да мені сырттай мазақтайтынын білемін.

**Энни:** Иә, солай екенін жасырмаймын.



**Стивен:** Жұрттың мені мазақтағанын жек көремін. Мұндайда өзімді жаман сезінемін. Егер мен олардың бауырларын немесе ата-анасын мазақтасам, қандай сезімде болатындарын сұраймын. Сосын жай ғана елемей қоя саламын.

Менің ойымша, әрдайым отбасыңның жағында болуың қажет. Балалар мені мазақтаған кезде өзімді жаман сезінсем де, отбасымды жақтаймын. Содан кейін оларды елемеймін.

**Мелани:** Менің не істегенімді білесің бе? Бір демалыста достарымды үйге қонуға шақырып, олардың Эннимен жақынырақ танысуына мүмкіндік жасадым. Барлығымыз бірге отырып, теледидар көрдік, сөйлестік. Негізі Энни өте жайдары адам, ол барлығымызды күлдіріп отырды. Содан кейін мектепке барғанда олар Энниді мазақтамайтын болды. Енді олар бір-бірін көргенде күлімдей бас изейді. Кейде тіпті бәріміз бірге қыдырамыз. Олардың таныстығы бір-бірін жақсырақ түсінуіне септігін тигізді, дегенмен ешкімнің болмысын өзгерте қоймады. Энни екеуміз әлі күнге дейін мүлдем өзгешеміз.

**Энни:** Мұның бәрі бізді өзімізге қымбат құндылықтар үшін күресуге үйретті. Достарың әлденеге ерекше мән беретініңді көрсе және олар сенің шынайы достарың болса, мазақтауды дереу тоқтатады. Мықты болып, күресіп, сол күресте жеңіп шығуың қажет.

## Отбасым немесе өзім туралы көңілге тиетін сөздер естігенде не істеуім керек? ?

**Энни:** Адамдар қызық, менен үнемі «Мелани сенің туған әпкең емес пе?» деп сұрайды. Немесе қайсымыз кімнің баласы екенімізге қызығушылық танытады. «Тоқтай тұр, сонда сен Джейннің қызысың ғой?», «Стивен мен Мелани Ларридің балалары ма?», «Мелани сенің туған әпкең емес қой?» – деген сұрақтар қояды. Бұл сұрақтардың маған қалай әсер ететінін білмейді де, сезбейді де.

**Мелани:** Бір күні досымның анасы мені біреуге таныстырып жатып, ата-анамның ажырасқанын айтты. Толық емес отбасы деген не сөз? Шын мәнінде менің екі тамаша отбасым бар! Ол мені жақсы білемін деп ойласа керек. Ал мен өзімді өте ыңғайсыз сезіндім. Мені таныстырғанда дәл осыны айтудың не қажеті бар еді?

Анам мен әкемнің ажырасып кеткенінде шаруасы қанша? «Бұл Мелани, оның ата-анасы ажырасқан» деудің қажеті не? «Бұл Мелани. Бір-біріңді ұнатасыңдар деп ойлаймын» десе, немесе: «Бұл Мелани. Екеуің де спортты жақсы көресіңдер, ортақ тақырыптарың көп деп ойлаймын» десе болар еді. Не де болса, көңіліме тимейтін нәрсе айтқанын қалар едім. Біреуді таныстырғанда оның отбасындағы жағдайын бетке басу артық емес пе?





## Жаңа ата-анамды қалай атағаным жөн? ?

**Мелани:** Кейбіреулер біздің жаңа отбасын «өгей отбасы» деп атаса, енді бірі «аралас отбасы» дейді. Бұл отбасымыздың мүшелері толығымен жаңа шаңырақтың астында жиналды дегенді білдіреді. Біз отбасымызды бұлай атамаймыз. Жай ғана «бонус отбасы» дейміз. Ертегілерден оқыған мейірімсіз өгей шеше, қайырымсыз өгей әпкелерге қарағанда әлдеқайда позитив болып естіледі.

**Стивен:** Теледидардан көріп жүрген үлкен, бақытты отбасылардың бірі!

**Энни:** Иә. Дұрыс айтасың. Біздің бірге тұрған өміріміз әрдайым бонус сияқты болған жоқ. Ата-анамыздың ажырасуынан туындаған мәселелерді шешіп қана қоймай, бір отбасы болуды үйренуімізге тура келді. Бұл оңай бола қойған жоқ.

**Мелани:** Әкем Джейнге үйленген кезде мен оны өгей шеше деп атағым келмеді. Кейбір достарым өгей ата-аналарын ұнатпағандықтан, мені де Джейнді жақтырмайды деп ойлауы мүмкін. Өгей деп айту маған біртүрлі көрінетін. Анаммен сөйлесіп едім, ол бәрін түсінетінін айтты.

Бір күні анам мен Джейн менің баскетбол ойнағанымды көруге келгенде, өгей ата-ананы қалай атау керектігін сөз еткені бар. Сонда екеуі күліп отырып: «Бұл отбасы бонус іспетті, сендердің екі ата-аналарың бар», – деп айтқан. Сол кезде олардың артында отырған достарымыздың бірі: «Неге өздеріңді бонус отбасы деп атамайсыңдар? Сонда бонусқа берілген ата-ана боласыңдар», – деді. Біз мұны табылған ақыл деп шештік, себебі бонусқа ие болу жаман емес. Сондықтан енді біз өгей ата-анамызды «бонус ата-ана», отбасымызды «бонус отбасы», Энниді «бонус сіңлі/әпке» деп атаймыз. «Өгей» деген сөзге қарағанда әлдеқайда жақсырақ деп ойлаймын.

**Стивен:** Мен төрт жаста болғанда әкем қайта үйленді. Сөйтіп менің екі анам болды. Жалғыз анам болған кез есімде де жоқ екен. Бір өкініштісі, анама Джейнді «ана» дегенім ұнамады. Ол өзін біртүрлі сезінгенін айтқаннан кейін бірдеңені дұрыс істемегендей күй кештім.

Не істерімді білмедім, себебі Джейнге «ана» деп атағаным ұнайтын, ал өз анама бұл ұнамайды екен. Сосын Джейнге оны ана деп атай алмайтынымды жеткіздім. Көп уақыт Джейнмен бірге болатындықтан, анам аздап қызғанатын. Анамның өзін одан сайын жаман сезінгенін қаламадым. Кейде ұмытып кетіп, Джейнге «анашым» деп қаламын да, артынан ыңғайсыз күйге түсемін.

Сондықтан біз оған арнайы ат ойлап табамыз деп шештік. Шын аты Джейн болса, мен оны Джейна деп атай бастадым. Кейде Мелани де Джейна дейді. Джейнге бұл ұнайды, себебі Джейна – оның арнайы аты. Менің анама да ұнайды. Негізі маған бәрібір еді. Онда тұрған не бар екенін сол күйі түсінбедім.

**Энни:** Кейбір ата-аналар үшін қалай атаудың маңызы зор болуы мүмкін. Менің бір досым өгей шешесін ЭмДжи деп атайды, себебі оның аты Дженифер, яғни «мама Дженифер» деген сөз. Тағы бір досым өгей анасын Мими деп атайды. Оның шынайы аты – Стефани. Тағы бір досым өгей әкесін Достым дейді. Өйткені, өгей әкесімен тұра бастағанда Джастин екі-ақ жаста еді. Мен өгей әкемді әрдайым «менің бонус әкем» деймін немесе өз атымен Ларри деп атаймын. Бұл мен үшін жақсы шешім болды.





## Анам сәбилі болады. Жаңа туған нәресте бәрін бүлдіре ме?



**Мелани:** Джейн жүкті болғанда бәріміз толқыдық, сәбидің дүниеге келгенін асыға күттік. Іштей қатты уайымдадым. Барлығы маған жаңа проблемалар басталатынын айтты. Тәтем, анам және апайым енді бәрі басқаша болатынын айта берді. «Сәл шыдаңдар, сәби дүниеге келсін. Бәрі басқаша болады. Джейн сендерге қарайтын уақыт таппайды, бәрі өзгереді», – деп айтатын.

Ал қалыптасып қалған өміріміз маған ұнайтын. Мен ешкімге ештеңе айтпадым. Сіңлім Харлей дүниеге келгенде, біз қатты қуандық. Менің індетім көбейді. Дегенмен ештеңе өзгерген жоқ. Джейн әрқайсысымызға арнайы уақыт бөлді. Ел-жұрттың сөзіне мән бермеуім керек еді.

**Стивен:** Мен де қобалжыған едім. Ешкімге ештеңе демедім, бірақ Харлейді туыла салысымен ұнатпадым. Ол ештеңе істемейтін, маған оның жылағаны да ұнамайтын.

**Энни:** Харлей туғанда өзімді сондай бақытты сезіндім, дегенмен бір мәселе маза бермеді. Анам мені енді жақсы көрмейді деген қорқыныш болды ойымда. Ол менің «бонус әкеммен» сондай тату және менің нағыз әкеммен енді бірге болмағандықтан, бұл баланы маған қарағанда қаттырақ жақсы көретін шығар деп ойлады. Әйтсе де, ештеңе деп айтпадым.

Қазір Харлей қасымызда және мен анамның ешқашан олай істемейтінін түсіндім. Менің де, анамның да бір-бірімізбен сөйлескіміз келген, алайда неге екенін білмеймін, мен қатты қысылдым.

Сәби дүниеге келерден бір күн бұрын бәріміз сөйлестік және бұл бала әпкем Мелани мен Стивен сияқты бауырым болатынын түсіндім. Ол отбасымыздың әрбір мүшесіне қатысы бар және бәрімізді бір-бірімізбен байланыстырып тұрған жалғыз адам.

**Мелани:** Мені Харлейге қатысты басқа мәселе мазалайтын. Ол да Энни сияқты Джейннің қасында көбірек болатындықтан, оны артық жақсы көреді деп ойладым. Әр апта өткен сайын мен анамның үйіне баратынымын, ал Энни үнемі анасының жанында еді.

Шын мәнінде, бәрі басқаша болды. Харлей мені сағынатын. Мен кетіп бара жатқанда ол қатты жылайтын, мұндайда өзімді жаман сезінетінмін. Не істерімді білмей қалатынымын. Оның жасындағы кішкентай балаға ажырасудың не екенін түсіндіру өте қиын ғой. Дегенмен тілім жеткенше түсіндіруге тырысатынымын. Оны жақсы көретінімді және көп ұзамай қайтып келетінімді, қалаған уақытында маған қоңырау шала алатынын айттым. Менің анам бәрін түсінді. Әлі күнге дейін Харлей мені көргісі келгенде, Джейн оны анамның үйіне алып келеді.



## Енді менің жаңа атам мен әжем бар! Бұл қалай болады екен?



**Энни:** Кейде туыстарымыз ата-анаң ажырасып кеткеннен кейін құрылған жаңа отбасының үй болып кетуіне септігін тигізудің қаншалықты маңызды екенін түсіне бермейді. Осыған дейін олар саған ғана көңіл бөлгендіктен, жаңа туыстар туралы ұмытып кетеді. Әжем менің туған күнімді есінде сақтап, Мелани мен Стивеннің туған күндерін ұмытып кететін. Былай оларға жақсы қарайтын, тек туған күндерін ұмытып кетуші еді. Уақыт өте келе ұмытпайтын болды. Алайда әлі күнге дейін ол білдіртпей маған қосымша ақша беруге немесе ерекше бір зат сатып әперуге тырысады. Бұдан кейде дау шығатын.

**Стивен:** Бұл бізге ауыр тиетін.

**Мелани:** Өзіңді нағыз өгей бала сияқты сезінесің.

**Стивен:** Отбасыңның үй болып кетуі үшін көп күш жұмсайсың, содан кейде ата-әжелерің немесе аға-тәтелеріңнің кейбір әрекеті араларыңа жік түсіреді. Ал олар бұл туралы білмеуі де мүмкін.

**Мелани:** Эннимен үнемі бірге тұрмасақ, оны тек демалыс күндері көрсек, мәселе басқаша болар еді. Ал біз бірге тұрамыз және Энни үнемі әжесінің бізді жақсы көретінін айтады. Ал әжей Энниге ақша мен сыйлықтарды тығып береді.

**Энни:** Әжеме оның біздің отбасына зиянын тигізетін әрекет жасап жүргенін айтып түсіндіру қиынға түсті. Егер маған ерекше бір зат бергісі келсе, Мелани мен Стивеннің анасының үйіне кеткенін күтуін сұрауға тура келді.

Мелани мен Стивеннің әжесі де оларға түрлі заттар береді. Алайда мұндай жағдай олар анасының үйінде жүргенде болады. Ешкім оларға менің көзімше сыйлық бермейді. Жалпы, әжелерімізден ерекше зат ала алатынымызды бәріміз де түсінеміз. Аралас отбасы болғандықтан, онда тұрған ештеңе жоқ. Аралас отбасының әкесі мен анасы бірге тұратын отбасынан ерекшеленетін тұстары бар. Біз оның тура солай екеніне көз жеткіздік. Бұл оның жаман екенін білдірмейді, жай ғана бәрі өзгеше екенін көрсетеді.

**Мелани:** Бұрын қалай болды, қазір қандай деп салыстыруды қойдым.

**Энни:** Жаңа отбасын құрған кезде саған қатысы бар адамдардың барлығы неге қол жеткізуге тырысып жүргенінді түсініп, қолдау көрсетуі қажет. Әйтпесе реніш туады. Мұндайда тәтелерің, ағаларың, аға-інілерің мен әпке-сіңлілерің, әжелерің мен аталарың – бәрі көмектесуі қажет.

Мысалы, кішкентай кезімізде Мелани мен Стивен Хэллоуин кезінде асқабақтар кешіне асқабақ таңдап, оның ішін тазалап, Джек шамшырағын жасауға баратын. Оларды анасының шешесі Грейс әже ертіп баратын.

Мен көшіп келгеннен кейін Грейс әже мені де олармен бірге алып баратын болды. Харлей туылып еді, оны да бірге алып барды. Ол кісіге еш қатысым болмаса да, мені де өзімен бірге алып барғаны үшін Грейс әжені қатты ұнатып қалдым. Қазір Грейс әже бәрімізді асқабақтар кешіне алып баратынын білеміз. Бұл отбасылық дәстүр біздің аралас отбасында осылайша тамыр жайды.

Мен өзімізді бір отбасы ретінде сезінгенімізді қалаймын. Отбасы мүшелерінің барлығы бір-бірімен тіл табысуына көмектесу үшін не істей аламын?



**Стивен:** Бастапқыда қызық көрінді ме, бірге тұрған бәрімізге ұнады. Уақыт өте келе жағдай өзгерді, бір-біріміздің жүйкемізге тиетін болдық, бір-бірімізді жақтырмауға көштік.

**Энни:** Сондықтан алға қойған мақсатыңды анықтап алуың қажет. Егер ол тіл табысу болса, тырысып көр. Қызғаныш сезімі болмау керек. Бұл мен үшін қиын болды, себебі енді анам үшін менің орнын қандай екеніне алаңдадым. Анам маған оның өміріндегі өте ерекше және жалғыз Энни екенімді түсіндірді. Бұл мәселеде өзімді Мелани және Стивенмен немесе басқа адамдармен салыстырмауым қажеттігін айтты.

**Мелани:** Бастапқы кезде бәрі бір-біріне көмектесуі қажет. Өйткені, мұндай жағдай алғаш рет болып отыр және біз бір-бірімізді жақсы білмейміз.



**Стивен:** Біз достарымызды, ойыншықтарымызды бөліскіміз келмеді, бәрінен бұрын ата-анамыздың ортақ болғанын қаламадық. Бәрі баяғы қалпына келсе ғой дедік. Ажырасқанға дейінгі өмірді аңсадық.

**Мелани:** Бұл Энни екеуіміз үшін ерекше қиын болды. Менің ойымша, екеуімізге де бөлісуді үйрену қажет еді. Ол менің бөлмеме көшіп келді. Бөлмеді онымен бөлісуіме тура келді. Інім болғандықтан заттарды бөлісуге үйреніп қалғанмын, алайда бөлмедегі заттарды бөліскен емеспін. Эннидің ешқашан әпкесі немесе інісі болмағандықтан, ол бөлісудің не екенін білмейтін.

Энни маған қарағанда салақ екен. Оның заттары әр жерде шашылып жататын. Оның салақтығы маған қиындық тудыратын. Енді мен заттарымның жеке менікі екенін сезінуден қалдым.

Мен болған жердің бәрінде Энни жүретін. Мектепте де, үйде де. Барлық жерде! Ол тіпті мен анамның үйіне баруым керек болғанда да әкемнің қасында қалатын. Маған бұл ұнамайтын.

Ақыр соңында мен үнемі оған ашуланатын болдым. Ол достарымның бәрін алып қойды, тура мен сияқты киінді және Джейнмен бірге болуыма мүмкіндік бермеді. Бәріміз бір-бірімізді жақсырақ тануға тырыстық және бұл оңай болған жоқ.

Ақыр аяғында біз, Стивен және мен анамызға барған уақыт Энни үшін анасымен өткізетін жақсы кез болады деп шештік. Алайда қазір



бәрі басқаша. Уақыт өте бәрі жақсара түсті. Мен анамды көруге кеткенде Энни көбіне менімен бірге баратын. Олар бір-бірін қатты жақсы көреді.

**Энни:** Біз тіпті психологқа да бардық. Мелани, сен сурет салып, содан кейін оны умаждап тастайтын едің ғой, есінде ме?

**Мелани:** Иә, есімде! Біз кураторымыз Брендаға бардық және мен оған Энниге ашулы екенімді айттым. Ол маған сөздер мен суреттерді қолдану арқылы ашуымды қалай басу керектігін үйретті.

Энниге ашулы болғандықтан оның суретін салып, сосын умаждап, қоқысқа лақтыратынмын. Содан кейін Энни келді және біз суреттерді бірге салдық. Бренда Энниден «Меланиге ашулысың ба?» деп сұрады. Энни де суреттерді умаждап тастады!

Көп зат есімде қалмапты. Одан бері көп уақыт өтті ғой. Әйтсе де, суреттерді умаждағаннан кейін өзімді жақсы сезіне бастадым. Бренда: «Ата-аналарың сендердің не үшін ашуланып жүргендеріңді біледі. Ашуды осы қоқыста қалдырғандарың дұрыс, енді олай істемеңдер!» – деп айтты. Мен тура солай істедім. Сендер де барлығының жақсы болғанын тілеулерің қажет деп ойлаймын.

Көп жағдайда балалар ата-аналарына басқа адаммен көңіл жарастырғаны үшін ашуланады, тіл табысуға тырысқысы да келмейді. Олар отбасында жаңа адамның пайда болғанын жақтырмайды және сол қылығы арқылы бәріне зиян келтіреді. Олар отбасын бұзуға тырысады. Өздері ешкімге ештеңе айтпайды. Олардың бойын ашу-ыза кернейді. Мен де сондай болғанмын. Кейінірек бұл өзімді жақсы сезінуіме және отбасымыздағы әрбір адамға, бәрінен бұрын маған зиян келтіретінін түсіндім! Мен әрқайсысымызды бір отбасының мүшесі ретінде қабылдауға тырыстым. Бұл сенің әкең, анаң, отбасың екенін ұмытпауың қажет екен.

Бір-біріңе ашуланатын болсаңдар, өздеріңді әлі де бір отбасының мүшесіміз деп ойламайсыңдар. Бір-біріңді жау санап, тіл табысқыларың келмейді. Бұл жағдайда ешкім бақытты болмайды. Сен де, анаң да, әкең де.



## Отбасыма көмектесу үшін тағы не істей аламын?



**Энни:** Біз әуел бастан отбасымызды «өгей отбасы» деп атамаймыз деген келісімге келгенбіз. Біз жай ғана отбасымыз және мұның мен үшін маңызы зор. Маған үлкен отбасының бір мүшесі болған ұнайды. Ажырасуды басынан өткерген әрбір адамды бақытты қылудың арнайы ережесі жоқ екенін түсіну маңызды. Тіл табыса алу арқылы жағдайды түзей аласың.

**Стивен:** Жағдай түзелмей жатса, бұл отбасың күйрейтінін білдірмейді. Жай ғана басқа нәрсе жасап көр. Өзге қандай жолдар бар екенін ойластыр.



**Мелани:** Қазір сенің екі отбасың бар екенін ұмытпа және бұл жаман емес. Көбінесе балалар өздігінен жағдайды жаман деп есептеп, қай тарапты қолдайтынын таңдайды. Таңдау жасауға міндетті емессің. Ата-анаңды, екі отбасыңды бірдей жақсы көре аласың.

Менің анам, өгей әкем және Стивен екеуіміз бір отбасымыз. Екінші жақта әкем, Джейн, Энни, Стивен және Харлей бар. Стивен де мен сияқты екі отбасының мүшесі. Энниде де бұдан басқа отбасы бар. Бізді жақсы көретін талай адам бар. Ешкім ешкімнен асып түспейді. Қиындық туралы ата-анаңмен сөйлесуді және барлығыңның бір бүтін екендеріңді ұмытпасаң болғаны.

**Стивен:** Жай ғана тіл табысуға ұмтыл. Тым болмағанда тырысып көруің қажет. Біздің отбасында өзгеріске ұшыраған тағы бір нәрсе – тегіміз. Біздің тегіміз – Форд. Эннидің тегі, шын мәнінде, Форд емес. Алайда отбасымызда өзінен басқалардың барлығының тегі Форд болғандықтан, ол өзін жайсыз сезініп, Форд тегін алуды ұйғарды. Осылайша, біз өзімізді бір отбасының мүшесіндей сезіндік.

**Мелани:** Бізде отбасылық өзара талқылау өтеді. Бұл проблеманың шешімін табудың бір жолы. Қандай проблема болса да, біз оны отбасы ішінде талқылаймыз.

## Отбасындағы талқылау. Оны қалай жасаймыз?

**Мелани:** Бізде отбасындағы талқылауларды өткізуге қатысты ережелер бар. Біріншіден, отбасындағы әр адам отбасылық талқылау өткізе алады және барлығымыз міндетті түрде оған қатысуымыз қажет. Ешкім өз бөлмесінде тығылып отырмайды, қолым бос емес деп айта алмайды. Арамыздағы бір адамның бізді талқылауға шақырғаны – оның бір нәрсеге қамығып жүргенінің белгісі.

Кездесетін уақытты белгілеп, отбасымыздың әрбір мүшесіне «Мен сені жексенбі күні сағат 5-те отбасылық талқылауға шақырамын» деп айтасың. Содан кейін бәріміз асүйдегі үстелдің басына жиналамыз. Бізді талқылау өткізуге шақырған адам не себепті жиналғанымызды түсіндіреді: «Ыдыстың барлығын мен жуамын, маған ешкім көмектеспейтініне қамығамын». Содан кейін барлығымыз бұл мәселені шешуге тырысамыз.

Бұл біреуді ыдыс жумағаны үшін кінәлай жөнелетін кез емес. Бірігіп мәселенің шешімін табатын кез. Арамыздан біреудің «Мен де ыдысты жуып жүрмін ғой» деп айтқаны мәселені шешпейді. Отбасымыздың әрбір мүшесі ыдысты жууға тиіс күнді белгілеуі ғана мәселені шеше алады. Мысалы, Энни дүйсенбі күні, мен сейсенбі күні, ал Стивен сәрсенбі күні ыдыс жууы тиіс.

Бұдан басқа, ешкім сөйлеп жатқан адамды бөлмейді және күлмейді. Бұл әдепсіздіктің белгісі. Ешкім шыдамсыздық танытпауы тиіс. Ең маңызды және соңғы ереже: мәселе толығымен шешіліп, барлығы келісімге келгенше ешкім үстелден тұрып кете алмайды. Отбасылық талқылау деген шын мәнінде пәрменді жиналыс!

**Энни:** Иә, отбасылық талқылаудың көмегі зор, алайда Стивен үнемі күліп отырады. Мәселенің маңызы арта түскенде, ол шу шығарып, тақырыпты ауыстырып жіберуге тырысады. Үнемі солай істейді.

**Стивен:** Жоқ, мен тыңдап отырамын. Маған отбасылық талқылауға қатысқан ұнайды.

**Мелани:** Кейде әкем өз-өзін ұстауға тырысқанымен, шыдамы таусылады. Кей уақытта мәселені шешуге бірнеше минут кетсе, кейде әлдеқайда көп уақытқа созылады.

Осы тәсілді қолдану арқылы әртүрлі мәселені шеше аласың. Мен Энниден он айға үлкенмін. Бір сынып жоғары оқимын. Кейде біз ұрсысып, таласамыз. Кейде ашуға булыққанымыз сонша, дауды өзара шеше алмаймыз. Үйдегі әр адамның өмірі кей кездері адам төзгісіз болып кетеді, сонда біріміз отбасылық талқылау өткізуге шақырамыз.

Отбасылық талқылаулар өзара тіл табыса алмауымыздың басқа да себептері бар екенін сан мәрте айқындаған еді. Кейде мен досыммен ұрсысып қаламын; немесе сабаққа байланысты көңілім түсіп жүреді; немесе Энни әкесінің айтқан сөзіне ашулы болған болар. Мені бірдеңе мазалап жүргенде, Энни қосыла жыныма тиеді. Өшімізді бір-бірімізден аламыз. Дегенмен кейін бәрі жақсарады.



**Энни:** Бір күні ата-анамыз біреуіміздің жаман баға алғанымызға орай отбасылық талқылау өткізді және бәріміз үй жұмысына қатысты жаңа ережелер ойлап таптық.

Бір күні Ларриге ашулы болғандықтан, барлығын отбасылық талқылау өткіземін деп шақырдым. Анам қалада болмағандықтан, оның

үйге қайтып келуін күтуімізге тура келді, себебі ол да отбасылық талқылауға қатысуға тиіс еді. Сол кезде барлығымыз бірге мәселенің шешімін таптық.

**Мелани:** Әкем мен Джейн өте көп жұмыс істеген кезде отбасылық талқылау шақырдым, себебі мен олармен бірге көбірек уақыт өткізгім келген. Екеуі де үйде отырып жұмыс істейді, олар жұмысқа беріліп, бізге еш көңіл бөлмегенін байқамаған. Мен оларға бұл туралы айтқанда, қатты таңғалды, сөйтіп, жұмыс кестелерін өзгертті.

**Стивен:** Джейн отбасылық талқылауды үйдегі жағдай қатты шиеленісіп кеткенде шақырады. Барлығымыз бұл жағдайды өзгерту үшін не істей алатынымызды анықтауға тырысамыз.

**Мелани:** Достарым отбасыларын жек көретіндерін айтқанда, мен оларға бұл туралы сөйлесу үшін отбасылық талқылауды қолдануды ұсындым. Ол біздің пайдамызға жарады. Адамдар сөйлеспесе немесе ренішін ішінде сақтаса, қарсыласатын болса, сен де ашуланасың. Бұлай мәселенің түйінін шеше алмайсың. Жағдайды жақсартатын тәсіл бар екенін естен шығармау қажет. Бірдеңенің дұрыс болмағаны үшін отбасы мүшелеріне кінә таға алмайсың.

# Бар болғаны осы ма?..

Ажырасқаннан кейін және қайта үйленген кезде жағдайды ретке келтіру оңай емес және кейде мәселе шешілгеннен кейін де жаңа қиындықтар туындайды. Кейде қиындықтың шет-шегі жоқ сияқты болып көрінуі мүмкін!

Ажырасу өміріңнің астан-кестеңін шығарғанда қандай сезімде болғаныңды жақсы түсінеміз. Ажырасудың салдарынан туындаған реніш сезімі бойыңда көп уақытқа дейін сақталады. Осы кітапты жаза бастағалы бірнеше жыл өтсе де, әлі күнге дейін бізге бөлек өтетін мерекелер немесе адамдардың бізді ажырасуға байланысты мазақтағаны ұнамайды. Бір үйден екінші үйге бару және ата-анаңның, сенің олармен бірге өткізетін уақытыңды бөлуі әбігерге салады. Дегенмен қазіргі кезде жағдайымыз едәуір жақсарды, сенікі де жақсарады.

Уақыт өте келе, шыншыл болғанның арқасында өмірлік жолымызды қалыптастырып, өзіміз қажет деп тапқан отбасын құрдық. Біз өзімізді жақсырақ сезінуімізге септігі тиетін амалдарды, атап айтқанда достарымызбен қарым-қатынас жасау, өзіміз қызыққан іспен айналысу, электрондық пошта арқылы хат алмасу, спортпен шұғылданду, оқу немесе басқа да күйзелісімізді азайтып, бізді бақытқа бөлейтін заттар мен іс-әрекеттерді анықтадық. Барлық адамды бақытты ететін ережелердің болмайтынын және әр адамның проблемаға әрқалай жауап қайтаратынын білдік. Егер батылдау болып, бір-бірімізге қамқор болсақ, отбасымыз жетіле түсетінін түсіндік. Әр уақытта, әртүрлі келіспеушілікті шешудің көптеген жолы бар екенін білдік.

Өз тәжірибемізге сүйене отырып, ұсыныс айтсақ, біз әрдайым ата-анаңмен өзіңді қалай сезінетінің туралы сөйлесуің қажет деп кеңес берер едік. Не себепті өзіңді жаман сезінетініңді түсінбесең де, айту керек, сөйлесу керек. Бұл олардың саған көмектесуіне мүмкіндік береді.

Бұл кітап сендерге көмектеседі деп үміттенеміз!

## Авторлар туралы

ДЖЕЙН БЛЭКСТОУН ФОРД – Солтүстік Калифорнияда ажырасу және өгей отбасылардағы дауларды шешу жөніндегі сертификатталған медиатор. Ол ажырасу мен балалар тәрбиесі туралы көптеген кітаптың авторы, соның ішінде Шэрил Джупспен бірге «Ex-Etiquette for Parents» кітабын жазған. «The Today Show», «The Early Show», «Good Morning America», «The Oprah Winfrey Show» шоуларында сарапшы болған. 1999 жылы Джейн ажырасқан немесе бөлек тұратын ата-аналар мен олардың жаңа отбасыларының бірлесе бейбіт өмір кешуіне арналған «Bonus Families» коммерциялық емес ұйымын құрған.

МЕЛАНИ, ЭННИ ЖӘНЕ СТИВЕН ФОРД Солтүстік Калифорнияда тұрады. Әлі күнге дейін Мелани мен Эннидің мінездері бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Дегенмен екеуі де шаштараз мамандығын таңдады. Стивен өрт қауіпсіздігі бойынша диплом алғалы жүрген колледж студенті. Оларға балаларға арналған [www.bonusfamilies.com](http://www.bonusfamilies.com) сайтындағы форумда жазуларына болады.

## Иллюстратор туралы

ЧАРЛЬЗ БЕЙЛ, Пенсильваниядағы ескі үйінің шатырында орналасқан студиясында өз отбасы, жеке көмекшісі Айрис, алты жасар қара лабрадорының қасында кітаптар, журналдар мен газеттерге арнап әзіл-оспақ суреттер салады. Оның жұмыстарымен «*Learning to Slow Down and Pay Attention*», «*Blue Cheese and Stinky Feet: How to Deal with Bullies*» және «*The Working Mother's Guilt Guide*» кітаптары арқылы жақынырақ таныса аласыңдар.







# МЕНИҢ ДЕ АТА-АНАМ АЖЫРАСҚАН

Балалардың балаларға арнап жазған кітабы

ЕКІНШІ БАСЫЛЫМ

Ажырасу/ өгей отбасы  
Қайта үйлену  
8–13 жастағыларға арналған

Мелани, Энни және Стивен ата-анасының ажырасуына қалай төтеп берілгені туралы жазылған бұл кітапта қарапайым шындық пен «Мен мұны өз басымнан өткердім» деген тақырыпқа қатысты көп кеңес жинақталған.

Көптеген идея мен карикатурашы Чарльз Бейлдің әзіл-оспаққа толы суреттерінен тұратын бұл нұсқаулықтың екінші басылымын мықты ұстаз өздерің сияқты балалар ата-анасы ажырасып кеткен балаларға арнап жазған!

## БІРІНШІ БАСЫЛЫМ ЖАЙЛЫ МАҚТАУ СӨЗДЕР

«Барлығымыз ажырасу мәселесімен бетпе-бет келген немесе оның таяу арада болатынын сезіп, өмір сүретін балаларды білеміз. Бұл өз ойлары, сезімдері мен проблемаларын талқылағысы келетін ата-аналар, достар, кеңесшілер мен балалар үшін таптырмас кітап. Берілген сұрақ-жауап форматы әсіресе кеңеске мұқтаж балалардың қолдануына оңай болатындай етіп құрылған. Жұмсақ мұқабадағы бұл кішігірім кітап «түп негізден бастау алатын кеңеске» біртабан жақын.

*Америкалық  
кітап сатушылар дүкені*

«... ажырасу туралы шындық баладан балаға жүректен жүрекке жеткізіледі. Қарапайым тілмен айтқанда, Фордтар бұл кітапта дәлелдер келтіріп қана қоймай, аралас отбасында жаңа баланың дүниеге келуіне дейінгі мәселелерді қарастырады. Бұл отбасылық жағдайдың өзгеруін еңсеруге үйреніп жүрген балаларды міндетті түрде жұбатады.

*КЭТРИН КАРТРАЙТ,  
«Working Mother» журналының  
Қауымдастырылған  
редакторы*

Америкалық кітап  
сатушылар  
қауымдастығы  
«Pick of the Lists!»

*Magination Press*

**B** BILIM  
FOUNDATION